



КАСПИЙ ШЕБІ

«БЖПШ-2025» БАСТАЛДЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі жыл сайын Каспий теңізінің байлықтарын сақтау мақсатында бірлескен жедел-профилактикалық шаралар өткізіп келеді. Соның нақты дәлелі, биыл да Маңғыстау және Атырау облыстары бойынша департаменттері Ресей Федерациясы мен Әзірбайжан Республикасының шекаралық ведомстволарымен сондай-ақ еліміздегі мемлекеттік органдармен бірлесіп, бірлескен жедел-профилактикалық шараларын а.ж. 25 наурызынан бастап өткізуде.



Каспий теңізінің біздің елімізге тиесілі бөлігіндегі бекітілген шекаралық режимдерді сақтау үшін мемлекет байлығын талан-таражға салғысы келетіндермен ымырасыз күрес жүргізу жоспарланған.

– Халықаралық бірлескен жедел шара – теңіз байлығына заңсыз қол сұққан браконьерлерге тосқауыл қою мақсатында жүргізіледі, – дейді Маңғыстау облысы бойынша департаментіне қарасты Жағалау күзеті басқармасының бастығы 1-ші рангілі капитан Талғат Төребаев. Айдын үстіндегі жағдайды бақылауда ұстау, Каспийдің қазақстандық секторына келген кемелер мен шағын жүзу катерлерінің белгіленген тәртіпті сақтаула-



рын қадағалау секілді маңызды міндеттерді атқару – теңіз бөлімшелеріне жүктелген.

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі аталған жедел шараларды өткізу кезінде Каспий теңізінің қазақстандық секторында белгіленген режимдердің сақталуын бақылау күшейтілетінін хабарлайды.


Лайықты бағасын беру керек, 2024 жылы халықаралық деңгейде өткен ауқымды шара кезінде 400-ге жуық заңсыз балық аулау деректері тіркелді. 196 жүзу құралы, браконьерлердің суға салған 500 шақырымнан астам ауы тәркіленген. Соның арқасында, ауға шырматылып қалған 1994 бекіре тұқымдас балық, 85000 астам жартылай тұқымды балық, сондай-ақ 117 итбалық қайтадан теңізге жіберілді. Нәтижесінде мемлекетке 4,6 млрд. теңгеден асатын шығынның алды алынды.

Капитан А. ЖАНАЛИПОВ, «ОС-ЧР».
Суреттер аумақтық департаменттерден алынды.



БЕЙБІТ
КҮННІҢ
БАТЫРЛАРЫ

5



ШЕКАРА
ШЕБІНДЕГІ
СЫН САФАТ...

6



«МҮНДА БӘРІ
БАСҚАША!..»

11

МЕМЛЕКЕТТІҢ ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫ

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету — ел қауіпсіздігінің негізі. Осы ұлы миссияны мінсіз атқарып отырған — ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасы «Бақты» шекара бөлімінің «Еміл» шекара бөлімшесі. 1984 жылдан бастап бұл бөлімше Қазақстан мен Қытай арасындағы стратегиялық маңызды шекара аймағын сенімді түрде күзетіп келеді.

«Еміл» шекара бөлімшесі — биік таулы, орманды, шөлейтті аумақтарды қамтитын Жоңғар Алатауы маңында, Қытаймен шекара сызығында орналасқан. Табиғи жағдайы күрделі болғанымен, аймақтың табиғаты көркем: Еміл жотасы, мөлдір өзендер, алқапты далалар мен сирек кездесетін флора-фауна шекарашылардың патриоттық рухын арттыра түседі. Бұл өңірде қызмет ету — әрбір әскери қызметші үшін ерлік пен адалдықтың шыңы десе артық емес.

Шекара бөлімшесі қазіргі заман талаптарына сай жабдықталған. Қару-жарақ сақтау орындары, әскери-техникалық жабдық қоймалары, жаттығу қалашықтары, автотұрақ пен инженерлік бөгеттер — бәрі де шекараны сенімді күзетуге бағытталған. Бөлімше штаты толық жабдықталған. Олардың әрқайсысы өз ісіне берілген, Отанға адалдық, антына шын берілген азаматтар.

Бөлімше әскери қызметшілерінің күнделікті жұмысы — шекараны күзету, түнгі көзекшіліктер, жаяу және атпен патрульдеу, заңсыз көші-қон мен контрабандаға тосқауыл қою. Сонымен қатар, жеке құрамның кәсіби біліктілігі теориялық және практикалық сабақтар арқылы үздіксіз жетілдіріледі. Физикалық даярлық пен әскери тәртіпке ерекше назар аударылған.

«Еміл» шекара бөлімшесі тек шекара күзетіп қана қоймай, сонымен бірге жергілікті тұрғындармен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Мектептерде әскери-патриоттық сабақтар өткізіп, жастардың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру бағытында жұмыс атқарады. Ашық есік күндері, бірлескен рейдтер, қайырымдылық шаралары — барлығы азаматтық қоғаммен

бірге шекара қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған.

Бөлімше бастығы аға лейтенант Кенесов Досымжан Мұслимұлы мен орынбасары лейтенант Нұрқұл Арсен Сәрсенұлы — жас та болса, болашағынан зор үміт күттіретін, өз ісінің майталмандары. Олар жеке құрамның жауынгерлік дайындығын, тәртіп пен жауапкершілікті өз тәжірибелері арқылы дамытып отыр. Әр сарбазға үлгі бола отырып, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде белсенді қызмет атқарады.

Бөлімше даму қарқынын бәсеңдетпей, заманауи технологиялармен жабдықтауды жалғастыруда. Байланыс жүйелерін жетілдіру, пилоттық құрылғылар мен дрондарды пайдалану, жеке құрамның әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту — басты басымдықтар қатарында. Мұның бәрі шекара қызметінің тиімділігін арттырып, еліміздің тыныштығын қамтамасыз етуге бағытталған.

«Еміл» шекара бөлімшесі 14 шақырымға жуық бойында Қытай Халық Республикасымен шектеседі. Қос тараптың шекара қызметтері бірлескен бақылау мен келісілген іс-шаралар арқылы шекарадағы тұрақтылықты қамтамасыз етуде. Бұл өзара сенім мен ынтымақтастықтың нақты үлгісі.

«Еміл» шекара бөлімшесі орналасқан аймақ — тек мемлекеттік маңыздағы аумақ ғана емес, табиғи қорыққа жақын, экожүйесі ерекше өңір. Бұл жерде жабайы жануарлар — арқар, бұғы, сілеусін сияқты сирек кездесетін түрлер мекендейді. Шекарашылар тек күзет қызметін ғана емес, табиғатты қорғау миссиясын да атқарады. Табиғи тепе-теңдікті сақтау — олардың қызметінің бөлінбес бөлігі.

«Еміл» шекара бөлімшесінде қызмет ету — стандартты әскери өмірден өзгеше. Байланыс құралдары үнемі қолжетімді бола бермейтін биік таулы аймақ сарбаздардан ерекше дайындықты талап етеді. Олар қиын ауа райы, жабайы табиғат жағдайында өз бетімен шешім қабылдауды, шыдамдылықты, салқынқандылықты меңгереді. Бұл шекарашылардың кәсіби шыңдалуына үлкен ықпал етеді.

Бөлімшенің қызметі заманауи инженерлік жүйелер арқылы жүзеге асады. Қозғалмалы бақылау жүйелері, түнгі көру құралдары, байланыс мұнаралары және арнайы бөгет құрылғылары — шекараны бұзуға жол бермейтін басты факторлар. Бұл құрылымдар сарбаздардың күндіз-түні тиімді қызмет атқаруына мүмкіндік береді.

Бөлімше тарихында бірнеше рет күрделі шекаралық оқиғалар орын алған. Заңсыз көші-қон әрекеттері, контрабандалық топтардың жолын кесу кезінде шекарашылар ерлікпен көзге түсті. Осындай оқиғалар барысында әскери қызметшілердің батылдығы мен шұғыл әрекет ету қабілеті бөлімшенің кәсібилігін дәлелдеді.

Бөлімшеде ер азаматтармен қатар, нәзік жандыларда жауапты міндеттерді атқарып жүр. Олар байланыс, құжаттамалық қамтамасыз ету, логистика сияқты бөлімдерде жұмыс істей отырып, шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөлге ие. Бұл — гендерлік теңдік пен кәсібиліктің үйлесім тапқан айғағы.

Жергілікті тұрғындар мен шекарашылардың қарым-қатынасы достық пен сенімге негізделген. Елді мекен тұрғындары бөлімше сарбаздарына қолдау көрсетіп, өз аумақтарында күмәнді тұлғалар мен жағдайлар туралы хабарлап отырады. Бұл халық пен әскер арасындағы тығыз байланыстың нақты көрінісі.



лар мен жағдайлар туралы хабарлап отырады. Бұл халық пен әскер арасындағы тығыз байланыстың нақты көрінісі.

Тек физикалық және техникалық дайындықпен ғана емес, шекарашылардың рухани дүниесі де маңызды. Бөлімше ішінде патриоттық дәрістер, әскери ант беру рәсімдері, Тәуелсіздік, Жеңіс күні және басқа да мерекелік шаралар өткізіліп тұрады. Бұл шаралар әскери рухты нығайтып, елге қызмет етудің маңызын терең ұғындырады.

«Еміл» шекара бөлімшесінің ішкі атмосферасы — әскери тәртіп пен өзара сыйластыққа негізделген. Жаңа келген сарбаздар тез үйренісіп, тәжірибелі әскери қызметшілердің қамқорлығына ие болады. Бұл ұжымдық рух пен бауырмалдық, бөлімшенің ұйымшылдығын арттырып, қызмет сапасын жоғарылатады.

Бөлімше оқушылар мен колледж студенттері үшін тәжірибелік-танымдық іс-шаралар ұйымдастырады. Жас буын Шекара қызметімен танысып, әскери техника мен құрал-жабдықтарды өз көзімен көріп, болашақ маман-

дықтарын таңдауға мүмкіндік алады. Мұндай шаралар жастардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттырады.

«Мемлекет шекарадан басталады» деген сөз «Еміл» шекара бөлімшесінің маңызын дәл сипаттайды. Бұл жер — тәуелсіздігіміздің тірегі, қауіпсіздігіміздің кепілі. Мұнда қызмет ететін әр шекарашы — нағыз батыр. Олар өз ісін мақтанышпен атқара отырып, еліміздің тыныштығы мен тұтастығына өз үлесін қосуда.

«Еміл» шекара бөлімшесі — тек қана шекара күзеті емес, бұл — ерлік мектебі, нағыз патриотизмнің ұясы. Бұл бөлімшеде қызмет ету — үлкен абырой мен жауапкершілік. Күні-түні ел тыныштығын күзеткен шекарашылардың арқасында халқымыз бейбіт өмір сүруде. Осындай бөлімшелер барда — Қазақстанның болашағы берік, шекарасы темірқазықтай нық болмақ!



**Лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ,
«ОС-ЧР».
Сурет шекара
бөлімшесінен.**

ПОГРАНИЧНЫЙ ОТДЕЛ «ТОБЫЛ»: СОВРЕМЕННЫЙ РУБЕЖ БЕЗОПАСНОСТИ

В условиях возрастающих вызовов безопасности на Государственной границе РК пограничный отдел «Тобыл» в Костанайской области демонстрирует высокую эффективность службы, опираясь на современные технологии и профессионализм личного состава.

Подразделение, оснащенное снегоходами, мобильными группами и кинологическими подразделениями, обеспечивает круглосуточный контроль над обширной и сложной территорией региона. Наличие снегоходов позволяет патрулировать труднодоступные районы даже в самые снежные зимние периоды, а мобильные группы, оборудованные современными средствами связи и транспортом, оперативно реагируют на любые угрозы.

Кинологические подразделения, работающие с обученными собаками, успешно участвуют в поисково-спасательных операциях и выявлении подозрительных лиц, что существенно повышает уровень



контроля за состоянием государственной границы.

Руководство отдела возглавляет старший лейтенант Нұрлан Әбдіхалықов, родившийся 23 апреля 1999 года в селе Шиелі Кызылординской области. Свою службу он начал после окончания Пограничной академии КНБ в 2020 году. Перед назначением на должность начальника отдела «Тобыл» он успел проявить себя в качестве заместителя начальника пограничного отдела в различных регионах

страны, включая Восточно-Казахстанскую и Костанайскую области. С мая прошлого года Нұрлан Ералинулы уверенно руководит подразделением, внедряя современные методы работы и укрепляя взаимодействие с другими силовыми структурами.

— Наша задача — создать надежный защитный барьер, который не допустит ни одной попытки нарушения режима государственной границы, — отметил офицер.

Под его руководством отдел продол-

жает совершенствоваться, активно модернизируя техническую базу и повышая квалификацию сотрудников.

В планах подразделения — дальнейшая модернизация технического оснащения, расширение возможностей систем наблюдения и оперативного управления, а также развитие межведомственного сотрудничества. Эти меры направлены на сохранение высокого уровня оперативной готовности и обеспечение безопасности региона в условиях изменяющейся международной обстановки.

Такой комплексный подход, объединяющий передовые технологии и профессионализм личного состава, является залогом устойчивости и безопасности Государственной границы Республики Казахстан.



**Лейтенант Н. САКЕН,
«ОС-ЧР».
Фото из
подразделения
границы.**

ҚАУІПСІЗДІКТІҢ АЛДЫҢҒЫ ШЕБІ

Түн қараңғылығында бұлт арасынан сығалаған ай сәулесі тау сұлбасын күміс сәулеге бөлеп тұр. Шекара бөлімшесінің темірден жасалған бақылау мұнарасынан төменге көз жүгіртіп тұрған шекара наряды құлаққа ұрған тыныш әлемді жіті бақылауда. Мұндай құбылыстың уақытша болуы да мүмкін. Шекарашылар үшін кез келген сәтте жағдайдың өзгеруі аяқ астынан.



Өткен жазда ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасының дәл осы «Үйгентас» шекара бөлімшесінің «Іздік топ» шекара наряды отандасымызды шекара режимін бұзғаны үшін ұстаған болатын. Ал бүгін тағы бір белгісіз адамның шекара маңында жүргені туралы ақпарат түсті. Капитан Ілияс Құмаров дереу арнайы топ құрып, күдік тудырған аймаққа аттанды.

Аспанды торлаған бұлт тарап, толған айдың жүзі көрінді. Орман арасынан салқын самал есіп, жапырақтар сыбдырлады. Шекарашылар үнсіз, сақтықпен жылжып келеді. Тыныштықты капитан мырзаның радиобайланыс арқылы хабарға шыққан дауысы бұзды:

— Жағдайды баяндаңыздар.

— Күдікті анықталды. Оңтүстік-батыс бағытында қозғалып барады, — деп жауап қатты шекара наряды.

— Байқаңдар, күтпеген жағдайлар болуы мүмкін. Деректерге көшеміз, — деді Ілияс Құмаров нық дауыспен.

Жауынгерлер үнсіз бұйрықты орындап, белгіленген орынға бағыт алды. Көп ұзамай, орман арасынан қараңдаған бейне көрінді. Ол тез қимылдап, ше-

кара сызығына қарай бет алды. Алайда шекарашылар қас қағым сәтте оны қоршауға алып үлгерген болатын.

— Тоқта! Қазақстан Республикасының Шекара қызметі! Құжаттарыңызды көрсетіңіз! — деп бұйырды капитан.

Күдікті дірілдеп, құжаттарын ұсынды. Ол көрші ауылдың тұрғыны болып шықты. Жауап алу барысында белгісіз жан шекараны қателесіп кесіп өткенін айтып, ақталды. Дегенмен, тергеу барысында оның шекара режимін екінші рет бұзғаны анықталды.

Екінші күні жауынгерлік есепке жиналған «Үйгентас» шекара бөлімшесінің жеке құрамының алдында тұрып, капитан Ілияс Құмаров:

— Шекара — елдің намысы мен қауіпсіздігінің қорғаны. Біз әрдайым осы қасиетті міндетімізді адал атқаруымыз керек. Кез келген заң бұзушы өзінің заңға қайшы әрекетіне жауап беруі тиіс, — деді.

Сол түнгі оқиға «Үйгентас» шекара бөлімшесінің тарихына тағы бір маңызды бет ретінде жазылды. Қырағы жасыл күнқағарлылар өздерінің қызметін абыроймен атқарып, елдің тыныштығын қорғауды жалғастыруда.

«Үйгентас» шекара бөлім-

шесі — Қазақстанның шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ететін маңызды ұжымның бірі. 1965 жылы 19 қазанда құрылған аталған бөлімше ғасырлар бойғы тарихи оқиғаларға куә болған қасиетті Үйгентас жерінде орналасқан. Кезінде бұл аймақта Шыңғысхан сарбаздарының, жоңғар-қалмақ әскерлерінің ізі қалған. 1755 жылы жаз айында Қабанбай батыр бастаған қазақ әскері аталған аймақта жоңғарларды ойсырата жеңіп, қазақ жерін басқыншылардан азат етті. Бұл шайқас Үйгентас атауымен тарихта қалған болатын.

Ал тарихи аумақты күзетіп жүрген үйгентастық шекарашылар — ел қауіпсіздігін қорғауда маңызды әскери ұжымға айналып отыр. Оның тарихы да, қазіргі қызметі де — Қазақстанның тәуелсіздігін нығайтудағы маңызды жауынгерлік қызметтің бірі. Тәжірибелі офицер басшылық жасайтын әскери ұжым адал еңбектерімен ел тыныштығының кепілі болып қала бермек.

Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР».
Сурет шекара
бөлімшесінен.

«ТАЛСАЙ» — НАДЕЖНЫЙ ЩИТ ГРАНИЦЫ

В живописном селе Налобино Кызылжарского района — старейшем в Северо-Казахстанской области — уже более двух десятилетий стоит на страже рубежей Родины пограничное отделение «Талсай». Образованное в 2000 году, оно продолжает славные традиции пограничной службы, демонстрируя профессионализм, бдительность и преданность долгу.

Начало текущего года стало очередным испытанием на прочность для личного состава отделения. Благодаря слаженной работе и оперативности пограничников было выявлено 7 фактов нару-

образцовую дисциплину, оперативность и готовность к любым вызовам.

Жители села Налобино гордятся своими пограничниками, зная, что рядом с ними — надежные защитники, настоящие

учеников, бережно хранит реликвии военных лет: фронтовые письма, фотографии, личные вещи бойцов и другие свидетельства эпохи. Каждый экспонат — это живая история, напоминающая о мужестве и

между военнослужащими и гражданским населением, напоминая о том, что память о героях войны — это наша общая святыня.

Личный состав пограничного отделения «Талсай» вдохновляется своими предками,



шения пограничного режима и пресечено 2 попытки нарушения режима Государственной границы. Эти результаты — не просто цифры, а доказательство высокого уровня подготовки и ответственности военнослужащих, которые день и ночь охраняют покой страны.

Возглавляет пограничное отделение старший лейтенант Расул Сапашев — грамотный руководитель и настоящий профессионал своего дела. Под его командованием личный состав демонстрирует

патриоты, для которых долг перед Родиной превыше всего.

В преддверии великого праздника — Дня Победы, личный состав пограничного отделения «Талсай» посетил Соколовский школьный краеведческий музей. Этот визит стал не только данью уважения героическому прошлому, но и важным моментом в воспитании молодого поколения, хранящего память о подвиге советского народа.

Музей, созданный силами педагогов и

стойкости тех, кто отстаивал свободу и независимость Родины.

Они с глубоким вниманием ознакомились с экспозицией, отметив огромную работу, сделанную коллективом школы по сохранению исторической памяти.

— Такие музеи — это мост между поколениями. Они помогают молодежи осознать цену Победы и вдохновляют на верность Родине, как это делали их деды и прадеды, — подчеркнул Расул Қайыртайұлы.

Подобные встречи укрепляют связь

продолжает нести свою службу, оставаясь непреступным рубежом и символом безопасности Северо-Казахстанской области.



Майор Д. УТЕБАЕВА,
«OS-ЧР»
Фото из
подразделения
границы.

ТАУ ТЫНЫСЫН ҚОРҒАҒАН БӨЛІМШЕ

Жамбыл облысының тау бөктерінде, биік шыңдардың бірінде «Қайыңды» шекара бөлімшесі орналасқан. Бұл бөлімше — биікті бағындырған шекарашылардың мекені. Алыстан қарағанда өзі кішкентай ғана шекара бөлімшесі болып көрінгенімен, оның жүрегінде үлкен міндет жатыр. Бұл жердің әр тасында, әр бұтасында шекарашылардың қырағы көзі, алғыр ойы бар.

Шекара бөлімшесінің табиғаты да ерекше. Тау желі қыбыр еткен дыбысты алыстан естіретеді. Аспаны жақын, түнгі жұлдыздары тым анық көрінеді. Күндіз көкжиекпен тілдесе, түнде аспанмен сырласқандай әсер қалдырады.


Бұл бөлімшенің тыныс-тіршілігі басқа жерден бөлек. Мұнда тыныштық — уақытша ғана құбылыс. Себебі шекара сызығы — жауапкершілік шебі. Әсіресе, барлау-іздістелу тобының қызметі — оңай шаруа емес. Олар бес күн бойы таудың арасын, жоталардың үстің, шатқалдардың қиясын шарлап, шекара шебін күзетеді. Оларға тау жартасы да, жел де таныс. Таңмен таласа аттанатын барлаушылардың бетіне тау самалы ұрады. Олар табиғаттың әр құбылысын көзбен емес, жүрекпен сезінеді. Бұл жерде күн мен түннің айырмасы жоқ. Шекарашылар үшін әр сағат — қозғалыс, әр мезет — қырағылық. Олар шекараның тыныштығын күзетіп қана қоймайды, сол таулы өлкенің әр мүйісін, әр соқпағын жатқа біледі. Әскер өмірі мен табиғаттың заңдылығы осы жерде бір арнаға тоғысқандай.

Мемлекеттік шекараны қорғау барысында өткен және осы жылдардың нәтижесі бойынша «Қайыңды» шекара бөлімшесінің шекарашылары заңсыз мал өткізу әрекеттерінің жолын кесті. Олар шекаралық режимді бұзғандарды ұстау барысында шамамен 100 бас ірі қара малды, 120-дан астам жылқыны заңсыз өткізбек болған контрабандистерді қолға түсірді.

Сонымен қатар, шекара режимін бұзған көптеген азаматтар ұсталып, тиісті шаралар қолданылды. Бұл — шекарашылардың ерен еңбегі мен жоғары кәсібилігінің айқын дәлелі.

Қайыңды шекара бөлімшесінің әскери қызметшілері үшін бұл жетістік — күнделікті қызметтің бір бөлігі ғана. Себебі олар үшін ең басты міндет — ел шекарасын аман сақтау, заңсыз әрекеттерге жол бермеу, тыныштық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Капитан А. ЖЕКСЕНБИН, «OS-ЧР». Сурет шекара бөлімшесінен.



ЕРЕКШЕ ӨҢІР ҚЫЗМЕТІ

Тасқала — Қазақстанның батыс өлкесінің жүрегінде орналасқан ерекше аймақ. Оның атауы өзінен-өзі сыр шертеді. «Тас» және «қала» деген сөздердің біріккені осы жердің табиғи ерекшеліктерін көрсетеді. Жазық жерде бір ғана тас қалқып тұрғандай көрінетін бұл аймақтың таулы жерде орналасуы да, оның тарихын ерекше етеді.

«Тасқала» шекара бөлімшесі алғаш рет 2001 жылы ашылды. Алғашында шекарашыларға қызметін ұйымдастыру үшін «Қазпоштаның» кішкентай ғана бөлмесі берілген еді. Бірақ, уақыт өте келе бұл шағын нысан толыққанды шекара бөлімшесіне айналды. 2003 жылы ғана жаңа ғимаратқа көшіп, бөлімше толық жаңғыртылды. Жаңа ғимараттың бой көтеруі — шекарашыларға жаңа мүмкіндіктер мен ыңғайлы жұмыс жағдайларын жасады.

Шекара қызметкерлері үшін 2021 жыл да ерекше болды. БҚО әкімшілігінен шекара бөлімшесінің орналасқан жерінен 4 шақырым қашықтықта атыс алаңын жабдықтауға жер телімі бөлінді. Бұл алаңның құрылысы мен дамуы тек шекарашылардың физикалық дайындығын арттырып қана қоймай, олардың жауынгерлік қабілеттерін жетілдіруге де зор ықпал етті. Қазіргі уақытта атыс алаңында арнайы оқу орындары мен жауынгерлік дайындық



бойынша сабақтар өткізуге арналған нүктелер жасалды. Жеке құрам әрқашан осы алаңда көшенді далалық жаттығуларды өткізіп, жауынгерлік дайындықтың сапасын арттырып келеді.

Ал 2023 жылдың қорытындысы бойынша «Тасқала» шекара бөлімшесі «Ең үздік бөлімше» атанып, өз қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізді. «Тасқала» шекара бөлімшесінің жетістіктері тек техноло-

гиялық тұрғыдан ғана емес, адам факторына да негізделген. Мысалы, 2024 жылы шекара бөлімшесінің старшинасы аға сержант Мәди Құрманязов жыл қорытындысы бойынша «Үздік старшина» ретінде танылып, өзінің қызметте жеткен жетістігі үшін марапатқа ие болды.

«Тасқала» шекара бөлімшесі — тек географиялық нүкте ғана емес, еліміздің шекара шебін күзетуге бағытталған маңызды бөлімше. Ол өз тарихы мен қазіргі даму кезеңінде еліміздің шекарасын қорғауға қосқан үлесі зор мекен болып табылады. Шекарашылардың жанқияр еңбегі мен жетістіктері Тасқала өңірін тек әскери тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар халықтың патриоттық сезімін ұлғайтуда да маңызды рөл атқарады.



Аға лейтенант А. КӨЛБАЙ, «OS-ЧР». Сурет бөлімше мұрағатынан.

БІРЛІК – ШЕКАРА ШЕБІНІҢ ҮЗДІГІ

Аға лейтенант Дархан Елеуов басшылық ететін «Бірлік» шекара бөлімшесі аядай ғана ауылдың ішінде орналасқан. Сарыағаш пен көршілес елдің елдімекендерін жалғап жатқан күре жолға жақын орналасқан бұл бөлімшенің орналасу жағдайы да ерекше. Түркістан облысының жалғыз трансшекаралық өзені де осы аумақтан басталады. Күзетілетін аумағы жазықтықпен басталып өзенге қарай бағыт алған бұл бөлімшенің жеткен жетістіктері де молшылық.



Аға лейтенант Дархан Елеуов пен оның жеке құрамы былтырғы жылдың соңында департаменттің «Үздік бөлімше» деген номинацияны иеленген болатын. «Бірлік» шекара бөлімшесі жеке құрамының ауызбіршілігі мен қызметтегі ерек қимылдары оларды сөзсіз биіктікке жетелеген болатын. Иә, жыл үздігі атану да оны ұстап тұру да оңай емес.

«Бірлік» шекара бөлімшесі 2024 жылы өзінің қызметтік-жауынгерлік іс-әрекетінің қорытындысы бойынша 15 мемлекеттік шекара режимін және 27 шекара режимін бұзушылар мен 41 көші-қон заңнамаларын бұзушыларды ұстап заң талаптарына сай әкімшілік жауапкершілікке тартты.

2025 жылдың бірінші тоқсанында «Бірлік» шекара бөлімшесінің жеке құрамы ше-

кара күзетіндегі техникалық құралдарды белсене қолдана отырып, шекара бөлімшесіне қойылған тапсырмаларды мүлтіксіз орындауда. Әрбір әскери қызметкер өзінің жеке біліктілігі, кәсіби шеберліктерінің арқасында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіп келеді. Аға лейтенант Дархан Елеуов басшылық ететін «Бірлік» шекара бөлімшесіне тылдық және техникалық қамтамасыз ету бөлімінен жеке құрамды тасымалдауға жаңадан техникалар беріліп, заман талабына сай мемлекеттік шекараны күзетуге күшейту құралдарынан түнгі көру аспаптары мен көру құралдарымен қамтамасыз етілді.



Майор Р. НҰРМЕТ, «OS-ЧР». Сурет шекара бөлімшесінен.

БЕЙБІТ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ

Мемлекетіміздің мызғымас тұтастығы мен тыныштығы – шекарадан бастау алады. Бұл қағиданы нық ұстанған шекарашылар күн-түн демей, ел қауіпсіздігі үшін күрделі де жауапты қызмет атқарып келеді. Солардың қатарында Шекара қызметі Павлодар облысы бойынша департаментіне қарасты «Шарбақты» (автомобильдік) шекаралық бақылау бөлімшесі де бар.



– Баян-Өлгей бағытында келе жатқан әйел адамның сөмкесінен 7.62 мм калибрлі оқ-дәріні тапты. Осылайша біздің шекарашылар тағы бір заң бұзушылықтың алдын алды.

Ержанұлы әскери тәртіп пен қызметтік үйлесімділікті берік ұстап, жеке құрамның жауынгерлік даярлығына және шекаралық бақылау жұмыстарының сапалы орындалуына ерекше назар аударып келеді. Күн-



Аталмыш бақылау өткізу бекеті 2004 жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысымен ашылып, содан бері тәулік бойы шекаралық бақылау мен өткізу жұмыстарын үздіксіз жүргізіп келеді.

Шарбақты ауылынан 30 шақырымдай жерде орналасқан шекаралық бақылау бөлімшесінен жыл сайын мыңдаған азамат пен көлік құралы өтіп жатады. Ресей Федерациясының Алтай өлкесімен шекаралас бұл өткізу бекетін екі ел арасындағы достықтың дәнекері десек те болады.

2020 жылы өткізу пункті Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің балансына беріліп, техникалық жарақтандыру деңгейі біршама артты. Бүгінде мұнда заманауи рентген-телевизиондық көшендер, радиациялық бақылау жүйелері, бейнетіркеу құрылғылары орнатылған. Әскери қызметшілер арнайы оқудан өтіп, көз келген жағдайда әрекет етуге машықтанған.

Биылғы жылдың өзінде ғана бұл өткізу пункті арқылы 103 мыңнан астам адам шекара асқан. Оның 71 мыңы – шетел азаматтары. Осыншама жолаушылар ағыны арасында тәртіп бұзушылар да аз емес. Техникалық құралдар мен қызметтік иттердің көмегімен 60-тан астам шекара тәртібін бұзу дерегі анықталған.

Мәселен, 2025 жылдың 13 ақпанында Худжанд – Чита бағытымен келе жатқан Тәжікстан азаматының сөмкесінен үш дана пышақ табылды. Қырағылық танытқан ефрейтор Б. Даулетхан бұл заңсыздықтың алдын алды.

Осы ефрейтордың қырағылығы тағы бір оқиғада да байқалды – 27 қаңтар күні Худжанд – Новосибирск бағытымен жолға шыққан азаматтың сөмкесінен кастет анықталды. Қауіпті зат – қауіптің бастауы. Сондықтан дер кезінде анықталған әрбір осындай жағдай үлкен қатердің бетін қайтару деп білеміз.

Ал өткен жылдың 5 мамырында қатардағы жауынгер К. Карабаев Павлодар

1 сәуір күні аға сержант Т. Муштаев пен кіші сержант Ж. Сандыбай да ерен ерлік танытты. Айта кесек, Павлодар – Барнаул бағытындағы рейспен келе жатқан азаматтың сөмкесінен жасыл түсті, өсімдік тектес белгісіз затты – яғни, есірткі болуы мүмкін затты анықтап, оны дер кезінде тиісті органдарға тапсырды.

Қос азаматтық, контрабандалық алтын, қомақты валюта, жалған құжат, сәйкессіз VIN-кодтар – мұның бәрі «Шарбақты» бекетінің шекарашыларының күнделікті жұмысы барысында кездесіп отыратын жағдайлар. Бірақ шекарашылар үшін бұл тосын жаңалық емес, олар үшін күн сайын түрлі заң бұзушылықтың алдын алу үйреншікті іс.

«Шарбақты» шекаралық бақылау бөлімшесінің осындай нәтижелі қызметінің артында ұйымшыл ұжым мен тәжірибелі басшылық тұр. Бөлімше бастығы майор Күмісбек Наурызбек Өмірзақұлы мен оның орынбасары капитан Изенов Шынболат

делікті қызметтің әрбір сәті олардың және сол жерде қызмет атқаратын өзге де білікті офицерлердің қадағалауында. Жауапты басшылықтың нақты тапсырмалары мен жүйелі ұйымдастыруының нәтижесінде шекарашылар әрдайым қырағылық танытып, заңсыз әрекеттерге дер кезінде тосқауыл қоя білуде.

Қазіргі таңда өткізу пунктінде қызмет ету – заманауи технологиямен жұмыс істеуді, заңнаманы жетік білуді, онымен қоса психолог бола білуді де талап етеді. Бұл талаптардың үдесінен шығып жүрген «Шарбақты» бөлімшесінің жеке құрамы бейбіт еліміздің нағыз батырлары десек артық айтпаған болар едік. Олардың ерен еңбегі мен қажырлы қызметі мемлекетіміздің бейбіт болашағына қосылған үлес.

**Майор Г. САДЫКОВА,
«OS-ЧР».**

Суреттер шекаралық бақылау бөлімшесінен.

МАМАН

МАҚТАУЛЫ БАҒДАРЛАМАШЫ

Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданындағы Шілікті ауылының маңындағы төбелердің бірінен екінші «Алтын адамның» табылғаны екімыңшы жылдары республиканы дүр сілкіндірген-ді. Бұл туралы тарихшылармен бірге жергілікті тұрғындар да біраз әңгіме айтқан.



Есік қаласынан кейін табылған құнды жәдігерді көру үшін сол кездегі Зайсан шекара отрядына журналистік іссапармен жолымыздың түскенін пайдаланып, аудан

орталығындағы өлкелік мұражайдың табалдырығынан аттағанбыз. Алайда, «Алтын адамның» өзін емес, оның ғалымдар жобалап салған суретін көрумен шектелген едік. Әлі есте, сондағы суреттен түрі еуропалыққа көбірек келетін ер адамның сұлу жүзіне қарап, көңіліміз неге екенін, қоңыл-тақсып қалған... Қазақ халқының қаһарман оғланына ұқсамағаны үшін болар?..

Енді міне, сол «Алтын адам» табылған Патша жазығында дүниеге келген шекарашымен сұхбаттасып отырмыз. ҰҚК Шекара қызметі «Алматы» жабдықтау басқармасының байланыспен қамтамасыз ету (ақпараттық технологиялар бойынша) тобының аға технигі, сержант Бауыржан Асылбеков шекарашылар сапына 2014 жылы алыныпты. Ал өзінің азаматтық борышын ҚР Қорғаныс министрлігінің Отардағы әскери бөлімдерінің бірінде өтеген ол өзінің мерзімді қызметін аяқтай салысымен, бірден Шекара қызметіне сұраныпты. Бауыржан осыны айтқан кезде біз әдеттегідей өзіміздің «Тау баласы тауға қарап өседі» деген нақылымызды еске

алдық. Өйткені, көне шекара аймағында ер жеткен шекарашының ауылында «Шілікті» шекара бөлімі бар екенін білетінбіз. Бала кезінде осы бөлімге, оның айналасындағы шекара бөлімшелеріне талай бас сұғып, ауласында ойнағанын әңгіме арасында айтып қалған Бауыржаннан:

– Мынаны айтшы, өзің азаматтық борышыңды өтеген әскери бөлімдегі қызмет пен шекарашылар атқаратын міндеттің айырмашылығы бар деп ойлайсың ба? – деп сұрадық.

– Менің бірге қызмет еткен қаруластарым ренжімесін, бірақ мен сіздің сауалыңызға «айырмашылығы жер мен көктей» деп жауап қайтарар едім. Шындығы да осы. Әрі, шекарашылар маған бала кезімнен етене болып кеткен. Сондықтан, әскерден орала салып, құжаттарымды бірден «Алматы» жабдықтау басқармасына тапсырдым...

– Мынауың қызық екен? Неге жабдықтау басқармасы...

– Неге шекара бөлімшесіне емес дейсіз ғой? Республиканың кез келген түкпірінде қызмет етуге дайынмын. Дегенмен, өзім құрмет ететін, адамгершілігі биік азаматтардың бірі – біздің жанұямен жақсы сыйласқан шекарашы офицердің ақылымен осында келіп қалдым. Менің кез келген

қиындықтан қашпайтынымды байқаған болуы керек, шекарашы болуға кеңес берді...

Осылай деп ағынан жарылған шекарашыдан өзі айтқан офицер туралы қаузап сұрамадық. Қажеті қанша? «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дейді» демекші, көпті көрген шекарашы мүмкін Бауыржан-ның көздерінен Отан қалқандарында ғана болатын жарқылды көрген болар!..

Әскердегі жақсы қызметі үшін туған үйіне «ефрейтор» шенінде оралған Бауыржан өзін қабылдаған басқармаға күзет тобының бөлімше командирі болып тағайындалыпты. Сосын уақыт өте келе взвод командирінің орынбасары болған біздің сұхбаттасуымыз 2023 жылы қазіргі лауазымына бекітіліпті. Үйленген. Шекарашының жүрегіне жол тапқан жары Айгерім екеуі бүгін екі қыз бен бір ұлдың ата-анасы.

Ең бастысы, атқаратын қызметі өзіне ұнайды. Бұл – бүгінде өмірдің барлық саласына енгізілген ақпараттық технологиялар мамандығына тікелей қатысты. Бір сөзбен, бағдарламашы.

Міне, аталған басқарманың үздік әскери қызметшілерінің бірі Бауыржан Асылбекұлы осындай шекарашы!

**Әскери журналист Т. ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР». Суретті түсірген автор.**

МҰРАЖАЙ ТАҒЫЛЫМЫ

Аптаның басы айшықты оқиғамен есте қалды. 7 сәуір күні ҰҚК Шекара қызметі Қызметтік кинология басқармасының оқу базасында жаңа жәдігерлермен толыққан мұражайдың алқызыл лентасы қиылды.

Шекара ведомствосы басшысының бірінші орынбасары – Бас штаб бастығы полковник Бауыржан Абсаматов өзінің оңтүстік астанаға жасаған жұмыс сапары кезінде аталған басқармаға ат басын арнайы тіреген болатын. Ел шебіне қажетті қызметтік иттерді дайындаумен айналысатын басқарманың тыныс-тіршілігімен танысып шыққан соң полковник Б.Абсаматов мұражайдың лентасын қиды.

Лайықты бағасын беру керек, мұражай шағын, шекарадан келген кинологтардың кәсіби біліктіліктерін көтеретін мектептің бір бөлмесін алып тұрғанына қарамастан, өзінің айтары бар. Мұнда 1998 жылы қайта жасақталып, қызметіне жаңадан кіріскен басқарманың әр жылдары қол жеткізген жетістіктері – кубоктар мен түрлі мақтау қағаздары, өткен күндер жайлы сыр шертетін суреттер қойылған. Сонымен қатар, мұнда келушілердің назарын өзіне бірден аударатын жәдігер – иттің қаңқасы қойылған. Мұражайдың ашылуына көп еңбек сіңірген майор Ләззат Мақытбекқызының айтуынша, мұны басқармада ұзақ жылдар жемісті еңбек еткен офицер, әскери



ветеринарлық топ бастығы аға лейтенант Құмарбай Әділов өз қолымен жасап шыққан көрінеді. Айта көтерлігі, аталмыш тұлға өзінің Отан алдындағы азаматтық борышын бір кездері осы басқармада

бастапты. Әрі қарай, осында қалуды шешкен ол қызмет баспалдақтарынан сәтті көтеріліп, офицерлік шен тағыпты. Қазіргі күні еңбек демалысына шыққан запастағы офицер туралы әзірге бар білеріміз осы.

Дегенмен, болашақта бұл «олқылықтың» орнын толтырып, мамандығына адалдық таныта білген ардагер туралы қалам тербейміз деген ойдамыз...

...Подполковник Р.Сайдимаровқа дейін Қызметтік кинология басқармасын басқарған офицерлердің ішінде тағдыры ерекше тұлғалар бар. Бұл туралы дерек те мұражайдың бір қабырғасын толық алып тұрған көрнекі құралдарда егжей-тегжейлі жазылған. ҰҚК Шекара қызметінің Бас штаб бастығы полковник Б.Абсаматов мұражайға қойылған жәдігер заттармен танысып шығып, басқарманың белсенді еңбегіне жоғары баға берді.

Ел шебін күзету ісін кинологтар мен қызмет иттерінсіз елестету мүмкін емес. Ал Қызметтік кинология басқармасы осынау жауапты міндеттің үдесінен шығып келе жатқанына ширек ғасырдан асып барады. Мұны бүгін ашылған мұражайдағы әрбір зат айғақтай түседі.



**Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».**
Суретті түсірген
Д. МЫРЗАҒҰЛОВ.

ҮЗДІК МАМАН

АЛТЫН ҚОЛДЫ ШЕБЕР

Кейде көзге көп түсе бермейтін, бірақ еңбегімен елге пайдасын тигізіп жүрген жандардың өмір жолына зер салсақ, нағыз қайраткерлік пен еңбекқорлықтың үлгісін көреміз. Мұндай жанның бірі - ҚР ҰҚК Шекара қызметі Техниканы және қару-жарақтарды жөндеу басқармасы Инженерлік құрылыстармен қоршаулар дайындау жөніндегі бөлімшесінің ағаш өңдеу және тігін жұмыстары тобының технигі кіші сержант Ербол Байсеитов. Ол – инженерлік құрылыстар мен бөгеттер өндірісінде тер төгіп жүрген, өз ісіне шынайы берілген шебер маман.



Ербол Әлкебайұлы Оңтүстік Қазақстан облысы, Төлеби ауданы, Жаңажол ауылының тумасы. Балалық шағы еңбекпен етене жақын өтті. Алғашқы білімді ауылындағы мектепте бастап, кейін кәсіби мамандық игеруге бет бұрды. Алматы қаласындағы №7 кәсіптік лицейге түсіп, ағаш ұстасы мамандығын меңгеруі – болашақ кәсіби жолының бастауы еді.

Осылайша, қарапайым ауыл баласынан сұранысқа ие білікті маманға айналған кіші сержант Ербол Байсеитовтің еңбек жолы үлгі аларлық еңбек жолына толы.

2010 жылы шекаралық қорғаныс құрылыстары мен металл құрылымдарын бояу цехына жұмысқа кірісіп, ісінің майталманы болып қалыптасты. Оның шебер қолымен темірден жасалған мұнаралар, қару-жарақ сейфтері, металл қоршаулар мен қақпалар жасалды. Ербол тек өзіне жүктелген міндеттерді мұлтіксіз орындап қана қоймай, жас мамандарды оқытуға, кәсіби дағдыларын дамытуға да ерекше көңіл бөледі.

Бұл - кез келген өндіріс ошағы үшін аса маңызды қасиет. Өйткені, білім мен тәжірибені кейінгі буынға жеткізе алған

адам ғана нағыз шеберге айналады.

Кез келген адамның өміріндегі ең басты құндылықтардың бірі - жанұясы. Ербол Байсеитов бұл тұрғыда да үлгі боларлық жан. 2013 жылы шаңырақ көтеріп, бүгінде бес бірдей перзентті тәрбиелеп отырған асыл өке.

Оның жұмысқа деген сүйіспеншілігі мен отбасы алдындағы жауапкершілігі – өмірінің қос қанаты іспеттес. Отбасындағы адалдық пен мейірімділікті басты орынға қоя отырып, балаларына еңбекқорлық пен табандылықтың үлгісін көрсетуде.

Ербол Байсеитов - қоғамға, елге, отбасына адал жан болумен қатар нағыз еңбектің, төзімділіктің шеберліктің айнасы.

Бүгінгі таңда біз осындай үздік мамандардың қадірін біліп, олардың өмір жолынан сабақ ала білуіміз қажет. Қарапайым жұмысты жан-тәнімен сүйіп, әр бөлшекті жүрек жылуымен жасап, айналасына білгенін үйрететін мамандар – ел экономикасының тірегі. Ербол Әлкебайұлы болса, солардың қатарындағы алтын қолды шеберлердің бірі!

**Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР».**
Сурет шекара
басқармасынан.

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ СЫН САҒАТ...

Таң сәрі. Шекара маңы тып-тыныш. Күннің алғашқы шапағы тау шыңына түсіп тұр. Осы бір мүлгіген тыныштықта бір белгісіз жасырынғандай...

Мұндай жұмбақ үнсіздік шекарашыға қым-қуыт оқиғаларға әрдайым дайын болуды талап ететіні түсінікті. Лейтенант Әлішер Шаншар болса, мұндай жым-жырттықтың арты кей кезде шым-шытырық оқиғаға жалғасып кететінін білетін шекарашы.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Арнаулы мақсаттағы басқармасының аға офицері лейтенант Әлішер Шаншар - жас та болса әскери борыштың жауапкершілігін терең түсінетін патриот. Жауынгерлік қызметті ұйымдастыру кезінде аяқ астынан орын алатын сын-тегеуріндерге дайын болуды біледі. Ол үшін ең бастысы - туған жерді қорғау, бейбіт өмірдің қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

2020 жылы қыркүйек айы болатын. Әлішердің ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің аумағында қызметте жүрген кезі. Кешқұрым кезекті шекара нарядына қызметке шыққан кезде шекара шебінде күдікті екі адамның келе жатқанын байқайды. Арқаларына ілген дорбалары бар екеудің адымдары ашық, жүрістері суыт. Шираз қозғалып бара жатқандардың жүрісі Әлішерге бірден күмән туғызады.

Белгісіз жандарды тоқтатып, жол сөмкелерін ашып көрсетуді талап етеді. Арқаларына ілген сөмкеге салынған заттарды көрген бойда лейтенант Әлішер Шаншар бөлімшеге байланысқа шығып, болған жағдайды хабарлайды. Шекара сақшысының қырағылығының арқасында он келіден астам «марихуана» есірткі заты қолға түседі. Бұл оқиға - Әлішердің шекара нарядындағы жауапты сәттердің бірі ғана болатын. Аталған шекара нарядындағы жетістігі оның қызметтегі маңызды кезеңнің бастамасы болады. «II дәрежелі үздік шекарашы» төс белгісімен марапатталды.

Шекарашының әрбір күні жаңа сынақтарға толы. Әлішер үшін шекарашы болу жай ғана қызмет қана емес, туған жерге деген адалдық пен перзенттік борышын өтеудің маңызды жолы. Оның жүрегіңде: «Қандай қиындық болмасын,



мен өз елімді қорғауға дайынмын» деген сөздер жатталып қалған. Міне, шекарашының өмірі осындай жауапкершілікпен, кәсібилікпен және отансүйгіштікпен өрбиді.

Әлішердің шеберлігін арттырып, жаңа биіктерге жетуі - уақыт өншісінде. Жұмысына ұқыпты сақшы ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін барын салып жүр.

Әлішер Асланбекұлы үшін шекара сызығы тек географиялық шекара ғана емес, әскери борышына деген адалдық шекарасы, кәсіби дайындық пен қайсар рухының шекарасы. Лейтенант Әлішер Шаншарға жауынгерлік қызмет - өмірінің мәні. Ал қолға түсірген әрбір шекара тәртібін бұзушы – күзетіп жүрген бейбіт өмірдің бір кезекті жеңісі!



**Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР».**
Сурет шекара
басқармасынан.

БІЛІКТІ МАМАН

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаменті, Жамбыл ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Бесағаш» бөлімшесінде еңбек пен жауапкершіліктің үлкен жүгін қоса арқалап жүрген бөлімше старшинасы бар. Оның есімі — старшина Бақыт Мырзақелдіұлы Момышев. Ол — шекара өмірінің көрінбейтін тірегі, шекара бөлімшесінің шаруа иесі және жанашыры.

Бұл бөлімшенің әрбір бұрышы оның көз алдынан өтіп, әрбір мүлкі оның қолының табын сезінеді. Қайда не тұр, не жеткілікті, не тапшы — бәрі оның есебінде. Әскери мүлктің де, шаруашылықтың да өз тілі бар. Сол тілді жетік меңгерген жан Бақыт ағай десек, артық айтқандық емес. Оның қолындағы кілт — жай ғана есік ашатын құрал емес, бүтін бөлімшенің тіршілігінің аманаты іспетті.

Сарбаздардың киімі таза, тамағы тоқ, жатын орны жылы болса — соның артында старшинаның тынымсыз еңбегі жатыр. Біреу байқамаса да, біреу көрмесе де, старшина мырзаның жұмысы жүрекпен сезіледі. Ол үшін шекара шебіндегі тыныштық — тек қана жауға қарсы күзет емес, бұл ең алдымен ішкі тәртіп пен ұйысқан тірліктің белгісі.

Шекара — қасиетті ұғым. Оны күзету де, оны қорғағандардың жағдайын жаңсау да — бірдей абыройлы іс. Старшина

Бақыт Мырзақелдіұлының өмірі осы ұлы борышпен өрілген. Ол бөлімшеде жүрген әр сарбазға өкениң мейіріміндей қамқорлық танытады. Әскер өмірінің ауыртпалығын жеңілдетіп, жас жауынгерлердің көңіліне сенім ұялатады және «Бесағаш» шекара бөлімшесінің тіршілігі старшина Бақыт Мырзақелдіұлының еңбегімен үйлесіп тұр.

Ол үшін бұл жай ғана қызмет емес. Бұл — өмірлік ұстаным. Өйткені шекара шебінде старшинаның қолтаңбасы жоқ жер жоқ. Оның қолы тиген жер тәртіпке, ұқыптылыққа, жинақылыққа толы. Ал жүрегі — ел шеті мен ер намысын қорғаған сарбаздарға деген сүйіспеншілік пен құрметке толы.



Капитан
А. ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР».
Сурет шекара
бөлімшесінен.



БАТЫР БОЛМЫС, БЕКЕМ ҚАЙРАТ

Азаматтың парызы – туған елін қорғау, тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Осындай қызметтің жүгін абыроймен атқарып жүрген ер азаматтардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі «Алматы» шекаралық бақылау басқармасының шекаралық бақылау бөлімінің бақылаушысы аға сержант Бижан Жолбарысов.

Ол мамандығына адалдық танытып, шекаралық бақылау саласында жоғары жетістікке жетіп жүрген маман.

Бижан Түркістан облысы, Келес ауданы, Ұшқын ауылында қарапайым, көпбалалы отбасында дүниеге келген. Бала кезінен әскери қызметке қызығып, Отан қорғаушы болуды армандаған. Алайда, заман ағымына сай заңгерлік мамандығы бойынша білім алған. Дегенмен, жүрек түкпіріндегі арманы оны әскери салаға жетелеп, 2007 жылы 2010 әскери бөліміне келісімшарт негізінде бақылаушы болып қызметке кірді.

Бақылаушылар арасында аға сержант Бижан Жолбарысов біліктілігімен, жауапкершілігімен ерекшеленді. Қазіргі таңда «Жолаушылар» шекаралық бақылау бөлімінің бақылаушысы ретінде шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үлкен үлес қосуда. Қызмет барысында көптеген құқықбұзушылықтарды анықтап, шекаралық режим бұзушылардың, заңсыз заттар мен есірткі тасымалдаушылардың жолын кескені үшін бірнеше рет марапатқа ие болды. Шекара сақшысының қырағылығы

мен кәсіби біліктілігінің арқасында жалған құжаттар мен визаларды анықтап, заңсыз әрекеттердің алдын алуда.

Бижан қызметте ғана емес, отбасында да үлгілі азамат. 2011 жылы шаңырақ көтеріп, бүгінде екі ұл, екі қыз тәрбиелеп отыр. Ол жанұясымен бірге табиғат аясында серуендегенді ұнатады және балаларының тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. «Отан – отбасынан басталады» деген қағиданы ұстана отырып, балаларының да өз жолын жалғап, елін қорғайтын азамат болып өсуіне бар күшін салуда.

Аға сержант Бижан Жолбарысов – өз ісіне адал, еліне шын берілген азамат. Ол кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп, Отан алдындағы борышын адал атқаруды ойлайды. «Малым – жанымның садағасы, арым – жанымның садағасы» деген қағиданы берік ұстанып, еліміздің тыныштығы үшін қызмет етуді өмірлік міндеті санайды. Мұндай ерлердің еңбегі жас ұрпаққа үлгі.

Отан қорғау жолында қажырлы еңбек етіп жүрген аға сержант Бижан Жолбарысов сынды азаматтарымыз көп болсын!

Подполковник **М. ҚАРЕКЕНОВ,**
«OS-ЧР».
Сурет шекара
басқармасынан.

ПРОВОДЫ

НА ЗАСЛУЖЕННЫЙ ОТДЫХ!

В отделении пограничного контроля «Баутино морской порт» пограничного управления по Каракиянскому району Департамента ПС КНБ по Мангистауской области состоялись торжественные проводы на заслуженный отдых старшего сержанта Марии Кожамбетовой.

Более 25 лет Мария посвятила свою жизнь службе в пограничном ведомстве. Она зарекомендовала себя как добросовестный и исполнительный человек, преданный военному делу. Служба Марии Берикбаевной началась в годы формирования Пограничной службы, в период становления подразделений пограничного контроля. На протяжении многих лет старший сержант М. Кожамбетова прослужила на границе, обеспечивая надежный пропускной режим в пунктах пропуска.

За годы службы на ее счету – сотни задержаний нарушителей пограничного законодательства, контрабандистов и незаконных мигрантов.

За высокий профессионализм и верность присяге Мария Берикбаевна удостоена многочисленных наград, в том числе медалей: «За безупречную службу» всех степеней, «20 лет Пограничной службе КНБ», «30 лет Пограничной службе КНБ», а также нагрудных знаков



«Отличник Пограничной службы» I и II степеней, почетных грамот и благодарственных писем от командования.

Во время торжественного построения личного состава начальник отделения майор Куаныш Ильясов выразил искреннюю благодарность виновнице торжества за многолетний и добросовестный труд, и вручил почетную грамоту и памятные подарки от имени коллектива.

– В связи с важным событием – выходом на заслуженный отдых, от всего коллектива желаю Вам крепкого здоровья, бодрости, радостного настроения, заботливого внимания близких, добра, любви и уважения, – отметил в поздравительной речи офицер.

Пример Марии Кожамбетовой – яркое свидетельство самоотверженности, профессионализма и верности долгу. Такие люди – гордость Пограничной службы КНБ.

Капитан **А. ЖАНАЛИПОВ,** «OS-ЧР».
Фото капитана **А. МАКАШЕВА.**

МІНСІЗ ҚЫЗМЕТ- МЕЙІРІМДІ ЖҮРЕК

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты Қорғас шекаралық бақылау басқармасының іс-жүргізушісі қызметкер Почунай Зульярова - өмірін адал қызмет пен ел игілігіне арнаған ардақты жан. Ол Панфилов ауданы, Қорғас ауылының тумасы.



Балалық шағынан бастап білімге құштар болған Почунай Розахуновна ұстаз болғысы келген арманына жету үшін Илияс Жансүгіров атындағы Талдықорған педагогикалық институтында жоғары білім алды.

Еңбек жолын туған ауылында бастады. Он жыл бойы Қорғас ауылындағы балабақшада меңгерушісі қызметін атқарды. Балалардың тәрбиесі мен білім алуына бар күшін салып, ісіне жауапкершілікпен қарады. Ата-аналар мен әріптестерінің алғысына бөленді.

1997 жылы ҚР ҰҚК Шекара қызметіне әскери қызметке қабылданып 15 жылдан астам уақыт Отан алдындағы борышын адал атқарды. Алғашында радиотелефоншы болып қызмет етті. Бірнеше жылдан кейін әскери қызметін жолаушыларды тексеру инспекторы ретінде жалғастырды. Жоғары жауапкершілік пен адал қызметінің арқасында «прапорщик» әскери атағын алды.

2011 жылы шекарашылар сапынан зей-

нетке шығып, мемлекеттік қызмет саласындағы еңбек жолын жалғастыруда. Сол жылдың желтоқсан айынан бастап инспектор, іс-жүргізуші қызметін абыроймен атқаруда.

Почунай Розахуновна – мейірімді ана, сүйікті жар, қамқор әже. Ол өмірлік серігі Пархат Нурахметовичпен бірге ұзақ жылдар бойы отбасылық бақытты бірге кешіп келеді. Жұбайы да Шекара қызметінің зейнеткері - запастағы прапорщик. Бүгінде Почунай Зульярова төрт немеренің сүйікті әжесі.

Запастағы прапорщик Почунай Зульярованың өмір жолы - адал еңбек пен жауапкершіліктен тұрады. Ол қай салада жұмыс істесе де, өзіне сеніп тапсырылған міндетті тиянақты орындап, абыройлы еңбек етті. Бүгінде де халыққа қызмет көрсетіп, жас буынға үлгі болуда.

**Подполковник М. ҚАРЕКЕНОВ,
«OS-ЧР».**
Суретті түсірген автор.

НАДЕЖНЫЙ ТЫЛ ПОДРАЗДЕЛЕНИЯ

В структуре Пограничной службы КНБ есть специалисты, от ответственности и точности которых зависит бесперебойная работа всего подразделения.



Один из таких людей служит в Управлении снабжения «Актау» – младший сержант Гульназ Абрахманова, ответственный исполнитель группы документационного обеспечения.

Свою службу в пограничном ведомстве Гульназ начала в 2009 году. За годы службы она зарекомендовала себя как дисциплинированный, компетентный и ответственный военнослужащий.

В ее обязанности входит прием, обработка и отправка служебной документации, выполнение которых требует безупречной внимательности и пунктуальности. Только за 2024 год ею было обработано более 1700 различных документов, а также изучено и призвано 12 военнослужащих по контракту.

Помимо основной деятельности, младший сержант Г. Абдрахманова активно

участвует в общественной жизни коллектива. В рамках экологической акции «Жасыл ел» за последние три года Гульназ внесла значительный вклад в благоустройство и озеленение окружающей среды, высадив свыше 40 деревьев на территории подразделения.

За образцовую службу и высокие показатели в профессиональной деятельности Гульназ Абдрахманова неоднократно поощрялась правами начальника Управления и Директора Пограничной службы КНБ.



**Капитан А. ЖАНАЛИПОВ,
«OS-ЧР».**
Фото подполковника
Б. САПАРАЛИЕВА.

ЕҢБЕК ЖЫЛДАРЫН ЕҢСЕРГЕН

Нағыз еңбек адамымен диалогласқыңыз келсе, шекараға бет бұрыңыз. Себебі мұнда адал еңбекпен күнелткен азаматтар мен азаматшалар шеп құрған. Саналы еңбек жылдарын Мемлекеттік шекараның мызғымас беріктігіне жұмсаған жасылкүнқағарлылар қашанда ең жоғары марапатқа лайық.

Ел шетінде, жел өтінде жүріп жылнама-ны жанкешті қызметпен толтырған айбынды әскерилер әрқашан антына адалдықпен үн қатып келеді. Олардың қатарында зейнет жасына жетсе де, жауапты қызметтен қол үзбеген жандар да жоқ емес. Солардың бірі – қызметші Гүлшат Касанова.

Гүлшат Жәрдемқызы 1972 жылы Атырау облысы Атырау (бұрынғы Гурьев қаласы) қаласында дүниеге келген. Мұнайлы астанадағы іргелі оқу орны Атырау мұнай және газ институтының 1991-1996 жылғы түлегі. Алғашқы қызмет жолын 2006 жылы қызметші санатында 2016 әскери бөлімінде байланыс бөлімшесінің қойма бастығы лауазымынан бастаған. Соған соң 2008 жылы келісімшарт бойынша қызметін жалғастырып, 15 жылға жуық Шекара қызметінде табысты еңбек етті. Кейіннен мерейлі жасқа жеткен соң «сержант» әскери шенінде зейнетке шықты. Алайда қауырт қызметке қауқарлы шекарашы одан әрі қызметші қатарын толықтырып, күні бүгінге дейін ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы тәрбиелік,



идеологиялық және кадрлық жұмыс бөлімінде тапсырмаларды орындауды бақылау бойынша инспектор (кадрлар бойынша) лауазымында міндет жүктейді.

Мамандығын мақтаныш санайтын кейіпкеріміз әскери қызмет пен жарасымды жанұяны ұштастыра білген аяулы ана. Құдай қосқан қосағы Абылай Касановпен бірге 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп отыр. Көзге көрінген ұл мен қызы немере мен жиендерді дүниеге әкеліп, «әже» атанып та үлгерген.

– Шекара қызметінде 2006 жылдан бастап, күні бүгінге дейін қызмет атқарып келемін. Бұл жылдар жеңісті де жемісті жылдарымның куәсі. Ең шуақты күндерім бұрынғы 2016 әскери бөлімі, қазіргі ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департаментінің қабырғасында өтті. Жауапты қызметте жүріп білікті әріптес, өмірлік достар таптым. Қазіргі уақытта жылы жүздесіп, өткен күннің есті естеліктерімен жиі бөлісіп отырамыз. Он бес жылға жуық уақыт шеңберінде жалғасып келе жатқан қызметтің ең құнды, ең жоғарғы марапаты осы деп білемін, – деді Гүлшат Жәрдемқызы.

Қызметтегі әр басқан қадамы тынымсыз еңбек пен толағай тәжірибеден ақпар беретін кейіпкеріміздің әлі де айтары бар. Мұны департамент ғимаратындағы әріптестері де жарыса айтады. Мұндай тындырымды мамандар Шекара қызметіне қашанда керек-ақ. Осы орайда, бейнеттің зейнетін көрген шекарашының алдағы жауапты қызметіне сәттілік тілейміз. Ел тыныштығы үшін жұмсалған қажырлы еңбегіңіз абырой биігінен аласартпасын деп тілек білдіреміз!..



**Капитан Б. ҚОЖАНТАЙ,
«OS-ЧР».**
Суретті
түсірген автор.

КӨЛІКТІ БЕС САУСАҒЫНДАЙ БІЛЕДІ

Бүгінде Шекара қызметінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әскери қызметшілерден басқа да қызметшілер де өз үлестерін қосып келеді. Офицерлер мен келісімшарт бойынша қызмет атқарып жүрген шекарашыларымызға тигізіп жатқан көмектері ұшан – теңіз.

Жандос Елдосұлы Әлжанов 1991 жылы 26 мамырда Ақтөбе облысы Шалқар ауданында дүниеге келген. 2007 жылы 9 жылдық №1 отра мектепті тәмамдап, Ақтөбе облысындағы медициналық колледжіне оқуға түсті. Бір



жылдан кейін отбасылық жағдайына байланысты «Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технология» колледжіне ауысты. Осы оқу орнын 2011 жылы аяқтап, «Жылжымалы құрамға қызмет көрсету және жөндеу» мамандығын алып шықты. Қазіргі таңда, 2022 жылдан бері Ақтөбе облысы бойынша департаменті «Шалқар» шекара бөлімінде «КА-МАЗ» жүк көлігінің жүргізушісі.

Шекара қызметіне дейін Шалқар ауданының бірнеше мекемелерінде жүргізуші болып жұмыс жасап, тәжірибе жинақтаған. Жеңіл және жүк көліктерін басқара жүріп істен шыққан жағдайда дереу қалпына келтіріп отырған. Оқуында үздік болғандықтан болар, өз ісінің шебері атанған.

«Шалқар» шекара бөлімінің бастығы подполковник Ринат Мейрамбаевта айтқан сөзімізді дәлелдейді:

– Жандостың жеке құраммен тіл табысу қасиеті мен өз ісінің шебері болғандықтан мақтан тұтамын. Себебі, жауапты көлігінің ақауын әп-сәтте түзеп, жұмысқа жарамды етіп қояды. Осындай еңбекқор қызметшілерімді жаңадан келген қызметшілерге үлгі етемін.

Шекара қызметіне деген адалдығы мен еңбекқорлығы үшін басшылықтан мадақтама грамоталарында алып үлгерген барлық мерекелік, спорттық іс - шараларға атсалысып жүлделі орындарға да иеленіп жүргені тағы бар. Мектеп кезінде-ақ көптеген сайыстарға қатысқан. «Жігітке жеті өнер де аз» - демекші, мектеп-аралық «Жайдарман» жарыстарында жүлделі орындарға ие болған.

2015 жылы Айнұр Әлжановамен отау құрып, бүгінде отбасында 2 қызы мен 1 ұлын тәрбиелеп отыр. Балаларына асқар тау әке, отбасының отағасы. Ұлын болашақта Шекара қызметінің офицері етіп тәрбиелегісі келеді. Шекара академиясына оқуға түсуіне бағыт бағдарын беретіндігін атап өтті.

Еңбектің адал нанын тауып жүрген Жандос Елдосұлына рахметімізді айтамыз. Шекара шебіндегі алдағы қойған мақсаттарының орындалуына сәттілік тілейміз. Жандос секілді еңбекқор азаматтардың арқасында шекарамыздың қауіпсіздігі бекем болары сөзсіз.



Лейтенант Ж.ШАРМАКОВ,
«OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

СЛУЖУ РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН!

В отделении пограничного контроля «Булаево» (железнодорожное) Департамента ПС КНБ по Северо-Казахстанской области служит младший сержант Самат Тюменев.

История его службы началась в далеком 2008 году, когда он был призван на службу в должности стрелка пограничной заставы «Кельтесай». Всего за год он постиг основы пограничной службы и в 2009 году в составе пограничного наряда участвовал в задержании двух КАМАЗов с товарами народного потребления на общую сумму более 200 тыс. долларов.

Видя в молодом военнослужащем большой потенциал, в 2010 году Самата Викторовича направили на 6-ти месячные курсы в Алматы, где успешно окончил школу сержантов 3-го класса. По окончании школы сержантов, Самат Викторович перешел в сферу пограничного контроля и становится контролером отделения пограничного контроля «Жана Жол» (автомобильное). Через год младший сержант С. Тюменев показывает отличный результат и осуществляет задержание гражданина РК с полной подделкой удостоверения личности.

С 2014 года по настоящее время Самат Тюменев проходит службу в должности контролера отделения пограничного контроля «Булаево» (железнодорожное), где из года в год показывает отличные результаты.

Так, к примеру, в 2018 году будучи старшим смены пограничных нарядов, Самат Викторович выявил учебного нарушителя,



запущенного Департаментом КНБ по СКО, с религиозной литературой, запрещенной в Казахстане. А в 2023 году, благодаря профессионализму и организаторским способностям, составом смены пограничных нарядов под его руководством была выявлена гражданка РФ, которая пыталась незаконно пересечь Государственную границу. По решению суда женщина была выдворена за пределы Казахстана и в течение 5 лет ей закрыт въезд в страну.

Естественно, это далеко не все результаты его 17-летней службы. Будучи отличным профессионалом своего дела, Самат Викторович остается верным другом и примерным мужем для супруги Аягыз, с которой он связал свою жизнь узами брака в 2013 году, а также самым лучшим папой для 9-летнего сына Анвара и 7-летнего Мансура. Пару месяцев назад супруге подарила еще один – самый важный подарок в жизни каждого мужчины – дочку Сезім.

Пожелаем же нашему герою дальнейших успехов в службе, крепкого здоровья и семейного благополучия!

Майор Д. УТЕБАЕВА,
«OS-ЧР».
Фото из личного архива
С. ТЮМЕНЕВА.

ЕЛ ШЕБІНДЕГІ ЕРЕН ЕҢБЕК

Қай заманда болсын ел қорғаны болған ерлердің еңбегі ұрпаққа үлгі. Бүгінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінде қажырлы еңбек етіп жүрген жандардың бірі – Жаңғызтөбе жабдықтау басқармасының жүргізуші-экспедиторы Мұқанов Серікхан Тоқтарханұлы. Оның өмір жолы – адалдық пен отансүйгіштіктің нақты көрінісі.

Серікхан Тоқтарханұлы 1962 жылы 31 қаңтарда Семей облысы, Жарма ауданы, Жаңғызтөбе кентінде дүниеге келген. Мектепті үздік аяқтағаннан кейін автомектепте білім алып, техника тізгінін меңгерді. Әскери міндетін 1980 жылы Өзбекстан аумағында өтеп, азаматтық борышын абыроймен атқарды. Бұл жылдар оның өмірлік ұстанымдарының қалыптасуына ықпал етті.

Әскерден оралған жас маман 1982 жылдан бастап КОП-ТРАНС мекемесінде жүргізуші болып қызмет етті. Мұнда да ол өзінің тәртіпке, еңбекке деген адалдығын көрсете білді. 12 жылдан астам уақыт ішінде түрлі жағдайларда жолда жүріп, сеніп тапсырылған жүктерді диттеген жеріне аман жеткізіп отырды.

Кейін, 1994–1996 жылдар аралығында туған жері Жаңғызтөбеде орналасқан ракеталық бөлімде қызмет атқарды. Әскери саладағы бұл тәжірибесі оның кәсіби біліктілігін арттырып, нағыз патриот ретінде қалыптасуына негіз болды.



1997 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Жаңғызтөбе жабдықтау басқармасында қызмет етіп келеді. Осы аралықта ол жүргізуші-экспедитор ретінде жүздеген мың шақырым жол жүріп, шекара бөлімшелерін уақытылы қамтамасыз етуде аянбай еңбек етті.

Серікхан Тоқтарханұлы жүктің сапалы әрі дәл уақытында жетуін басты міндет санайды. Қыстың қақаған аясы, жаздың аптап ыстығы, жолсызбен жүрген қиын сапарлар – бәрі оның күнделікті қызметінің ажырамас бөлігі. Алайда, ол ешқашан шағым айтып көрмеген. Керісінше, өз ісін сүйіп, адал атқаруды азаматтық парызым деп біледі.

Осындай табандылығы мен жауапкершілігі үшін ол бірнеше мәрте марапаттарға ие болды. Жоғары басшылық тарапынан құрмет грамоталары мен медальдармен марапатталуы – оның еңбегіне берілген лайықты баға. Бұл тек жеке жетістік емес, бұл – ел алдындағы адал қызметтің көрінісі.

Отбасы – оның тірегі. Екі бала тәрбиелеп өсірген ардақты әке, сүйікті жарымен бірге отбасылық өмірде де жұптары жазылмай келеді. Жұбайы да осы мекемеде әскери мейірбике болып қызмет атқарып, зейнетке шыққан. Бүгінде үш немеренің маңдайынан сүйіп отырған аталы-әжелі шаңырақ.

Мұқанов Серікхан Тоқтарханұлының айтуынша, патриоттық сезім – әрбір жастың бойында болуға тиіс. «Отанға қызмет ету – менің өмірлік ұстанымым. Қандай да бір істі бастасаң, оны жүрекпен істеу керек» – дейді ол. Қызметтен тыс уақытын ұрпағымен өткізіп, олардың бойына да отансүйгіштік пен еңбекқорлықты сіңіруге тырысады.

Міне, елдің тыныштығы мен шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде елеусіз көрінетін, бірақ маңызы зор жұмыстардың бірі – қамтамасыз ету саласында адал еңбек етіп жүрген осындай азаматтарымыз – еліміздің шын жанашырлары. Серікхан Тоқтарханұлы – сондай ерен еңбегімен елге үлгі бола білген азамат.

Лейтенант Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».
Сурет басқармадан.

КИНОЛОГ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАЙТАЛМАНЫ

Қазақстан Республикасының шекарасын күзету – тек қырағылық пен батылдықты ғана емес, ерекше дайындық пен кәсіби шеберлікті талап ететін қызмет. Бұл салада кинологиялық қызметтің орны айрықша. Иттер шекара күзетінде сенімді серік болып, жарылғыш заттарды табуда, із кесуде, шекара бұзушыларды ұстауда үлкен рөл атқарады. Осындай күрделі де жауапты саланың алдыңғы шебінде жүрген мамандардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің Мақаншы ауданына қарасты Еміл шекара бөлімшесінің кинологы, аға нұсқаушы, кіші сержант Талғатов Аслан Талғатұлы.



Талғатов Аслан 1997 жылдың 22 наурызында Абай облысы, Мақаншы ауданы, Көктал ауылында дүниеге келген. 2004–2015 жылдары туған ауылындағы “Көктал” орта мектебінде білім алып, кейін әскери борышын 2017–2018 жылдары 2016 әскери бөлімінде абыроймен өтеді. Әскердегі қызметі мен тәртіпке бейімділігі оған кәсіби өмір жолын әскери салада жалғастыруға себеп болды. 2019 жылы «Еміл» шекара бөлімшесіне “аға ит нұсқаушы” лауазымына қабылданып, шекара қауіпсіздігін

қамтамасыз ету ісіне белсене кірісті.

Аслан Талғатұлының бұл мамандықты таңдауы кездейсоқтық емес. Ол бала кезінен жануарларға, әсіресе иттерге ерекше қызығушылық танытқан. Қызмет барысында кинологиялық оқулардан өтіп, қызметтік иттерді оқыту, оларға күрделі тапсырмаларды орындауды үйрету, мінез-құлқына қарай бағыт беру, қауіп төнген жағдайда нақты әрекетке баулу сынды күрделі міндеттерді меңгерді. Әрбір итпен жұмыс жасау — шыдамдылықты, кәсібилікті және адам мен жануар арасындағы сенімділікті талап ететін еңбек.

«Еміл» шекара бөлімшесінде Аслан Талғатұлы шекара күзетіндегі иттерді дайындау және жаттықтыру жұмыстарымен тікелей айналысады. Қызметтік иттерді алғашқы жалпы дайындықтан бастап, оларды есірткі, жарылғыш заттарды іздеу, адам ізімен жұмыс істеу, шабуылдау сынды дағдыларға баулиды. Бұл иттер көбінесе неміс овчаркасы, бельгиялық малинуа сияқты тұқымдардан таңдалады. Таңдау кезінде олардың физикалық жағдайы мен ақыл-ой қабілеті, тез үйренгіштігі мен әрекетке икемділігі басты назарда болады.

Аслан Талғатұлының қызметінде түрлі оқиғалар орын алған. Соның бірі — қызметтік иттің шекарадан заңсыз өтпек болған адамды дер кезінде байқап, ұстауға көмектескен сәті. Бұл оқиға тек иттің дайындығы мен иесімен арадағы үйлесімді жұмыстың дәлелі ғана емес, сонымен қатар кинологиялық қызметтің шекарадағы маңызын тағы бір мәрте айқындай түсті. Мұндай сәттер шекарашының кәсібіне деген мақтаныш сезімін арттыра түседі.

Кинолог болу — жай ғана иттермен жұмыс істеу емес, бұл — толықтай беріліп, әр күн сайын жаңа жағдайларға дайын болуды қажет ететін өмір салты. Аслан Талғатұлы осы мамандыққа деген сүйіспеншілігі мен адалдығы арқылы талай жетістіктерге жеткен. Ол әр итті жеке серігі ретінде қабылдап,

олардың қабілеттерін барынша ашуға тырысады. Осы бағыттағы еңбегі жас мамандарға үлгі бола алады.

Кинолог қызметінде тек білімі ғана емес, жылдар бойы жиналған тәжірибе де аса маңызды. Аслан Талғатұлы қызметке алғаш келген күннен бастап өзіне жоғары талап қойып, әрбір жаттығуды үлкен жауапкершілікпен орындайды. Оның жинақтаған тәжірибесі шекарадағы нақты операциялар кезінде үлкен көмек көрсетіп келеді. Жас мамандарға үнемі қолдау көрсетіп, кәсіби кеңестерімен бөлісіп отыруы — оның тәртіпті әрі білімді маман екенін дәлелдейді.

Еліміздің шекарасын күзету — тек физикалық шекараны бақылау емес, бұл — ішкі тұрақтылықты сақтау, заңсыз әрекеттердің жолын кесу, қоғамның тыныштығын қамтамасыз ету. Кинолог ретінде Талғатов Аслан осы жауапты міндеттің бір бөлігін мойнына алып, күнделікті қызметін абыроймен атқарып жүр. Оның еңбегі — мемлекеттік қауіпсіздікке қосылған маңызды үлес.

Талғатов Аслан Талғатұлының еңбек жолы мен мамандыққа деген адалдығы — жас буынға үлкен үлгі. Ол өз ісін сүйетін, Отан алдындағы борышына адал жас мамандардың қатарында. Жастарға әрдайым «Мамандықты жүрекпен таңдау керек» деген ұстанымды алға тартып, қызметке деген махаббат пен жауапкершіліктің арқасында ғана жетістікке жетуге болатынын айтып отырады.

Алдағы уақытта да Аслан Талғатұлы кәсіби біліктілігін арттырып, кинология саласында биік белестерді бағындыруды мақсат етіп отыр. Ол үшін білім мен тәжірибені қатар алып жүру — басты қағида. Мемлекеттік шекараның қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында адал еңбек етіп жүрген маманның алдағы жетістіктеріне сенім мол. Оның табанды еңбегі мен кәсіби шеберлігі еліміздің қауіпсіздігі жолындағы маңызды күш болып қала береді. Отбасы — тірек пен шабыт көзі.

Кіші сержант Талғатов Аслан — қызмет жолында ғана емес, жеке өмірінде де үлгілі азамат. Ол — отбасы мен Отан алдындағы парызды қатар алып жүрген жауапты әке. Ата-анасы, жұбайы мен балалары оның әрбір жетістігіне қуанып, қолдау білдіріп отырады. Асланның айтуынша, отбасы — оның өмірлік мотивациясы, рухани тірегі әрі шекарадағы сенімді қызметінің мызғымас негізі.

Лейтенант
Е. ҚАЙРТАЙ, «OS-CP».
 Сурет шекара
 басқармасынан.

САРБАЗДАН КЕЛІСІМШАРТҚА

САНАЛЫ ТАҢДАУ ЖАСАҒАН

Мерзімді әскери қызмет бүгінде мүмкіндіктер алаңына айналды. Олай дейтініміз жыл он екі ай Отан алдындағы борышын абыроймен өткеріп, келісім-шарт негізінде қызметін жалғастырып жатқан айбындылар ортамызда жүр. Әскери өмірдің табалдырығын аттап, әскери өмірдің ыстығына күйіп, суығына тоңып үлгерген олар ел іргесін сенімді күзетуге сап түзеген. Бойларындағы отаншылдық әр рух қауырт қызметке қол созып тұр. Мәртебелі мамандығына деген мақтаныш сезімі де көңілге көктем ұялатады. Жаста болса, ерік-жігері ел қорғау ісіне жарап тұрған жасылкүнқағарлылар қашанда жазар жазбамыздың кейіпкерлері. Солардың бірі – қатардағы жауынгер Артур Туреханов.

Артур Әубәкірұлы Түркістан облысы Кентау қаласында дүниеге келген. Оңтүстіктен түлеп ұшқан оған кейіннен мұнайлы астанаға қоныс аударған. 2019 жылы Атырау қаласында орналасқан Оңайбай Көшекөв атындағы Атырау аграрлы-техникалық колледжіне оқуға түсіп, 2023 жылы аталмыш іргелі оқу орнын «автоматтандыру және оны басқару» мамандығы бойынша тамамдаған. Сонан соң «Күз – 2023» шақырылымында мерзімді әскери қызметші атанып, айбынды шекарашылар қатарын толықтырған. Шекара шебінде шыныққан үл мерзімді әскери қызметте жүріп-ақ өзін қызметке қауқарлы өрен екенін танытты. Үйіне алғыс арқалап аттанған сәтке дейін тиісті құжаттарды ресімдеп, дауылпаздардың дүбірі өткен Шекара қызметі талапкері атанды. Сол жылдың маусым айынан бастап келісімшарт бойынша әскери қызметші атанып, ҰҚК Шекара қызметі Атырау облысы бойынша департаменті құрамындағы байланыспен қамтамасыз ету тобының технигі лауазымына тағайындалған.

– Бүгінгі қадамдар мен жасаған жоспарлы жүрістердің оң нәтижесі деп есептеймін. Себебі мұны әскер қатарына



келместен бұрын армандағанмын. Бала күннен әскери қызметке аңсарым ауып, ел қорғаны атанған атпал азаматтарға аңсарымыз ауып өсті. Сондықтан да зулап шыққан әскердегі жылдан кейін ойланбастан қызметімді одан әрі жалғастыруға шешім қабылдадым. Қазір байланыспен қамтамасыз ету тобының технигі лауазымында міндет жүктеймін. Шалғайдағы шекара шақырымдарын өзара байланыстыруға ықпал ететін қызметімді жақсы көремін. Ынтамды арттырған осы қызмет бүгінгі мен болашағымның арасын жалғап тұрғандай көрінеді осы тұста. Осы орайда, өзім өскен өңірде мерзімді әскери қызметті өткеруге, кейіннен келісімшарт негізінде қызметімді жалғастыруға мүмкіндік берген Шекара қызметінің басшылығына риясыз алғысымды білдіргім келеді. Соңғы уақытта әскерден соң келісімшарт бойынша қызметке орналасқан қаруластардың қатары қалың. Әрине бұл қуантарлық жайт, – деді қатардағы жауынгер Артур Туреханов.

Бейбіт күнде босағадағы бейбіт өмірдің бойтұмарына айналған Шекара қызметі бүгінде «мүмкіндіктер мекеніне» айналғаны даусыз. Білікті басшылықтың сарабдал саясаты көп күттірмей жемісін беруде. Бұл жарқын болашақ жолындағы жасампаздың жаршысы іспеттес. Ал, тақырып төріндегі Артур Әубәкірұлы соның айқын айғағы.

Капитан **Б. ҚОЖАНТАЙ,**
«OS-CP».
 Суретті түсірген автор.

«МҰНДА БӘРІ БАСҚАША!..»



Жексенбі. Алып шаһардың халқы демалыстарын өз қалауларына өткізіп жатыр. Ал біздің сарбаздар... ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің Ақжардағы оқу базасындағы сарбаздарды айтып тұрмыз. Біз келгенде олар осындағы клубта әскерилердің өмірлерінен түсірілген фильм көріп жатыр екен. Сондықтан, «Көктем – 2025» шақырылымы сарбаздарының бір күнімен танысып, өздерімен сұхбаттассақ деген ойымызды фильм аяқталған кезде барып, жүзеге асырдық.

Алда оларды Әскери Ант қабылдау рәсімі күтіп тұр. Бұл – маңызды шараға дайындық жұмыстарының қызу басталып кеткенін білдіреді. Өзі де солай екенін, бізбен сұхбаттасып, департаменттің әлеуметтік желідегі ресми парақшасы жарияланатын фототүсірілімге қатысуға ықылас білдірген оншақты сарбазбен бірге оқу орталығының алаңына келдік. Лайықты бағасын беру керек, сарбаздардың еңсесі көтеріңкі, қимылдары ширақ. Аяқ алыстарына қарап, саппен жүрудің әдіс-тәсілдерін жақсы меңгеріп үлгергендері байқалып тұр. Сосын да бізге әдеттегідей «1-дубль. 2-дубль... 3-ші...» деп, сарбаздардың саптық алаңдағы жүрістерін қайталатып жатудың қажеті болған жоқ. Сұхбат кезінде де біздің сұрақтарымызға ерекше леппен жауап беруге тырысқандарына қарап, өздерінен түптің түбінде мықты сарбаз шығатынын байқау қиын емес еді...

Бізге бірінші болып сұхбат берген қатардағы жауынгер Ерсултан Бекболат Қарағанды облысындағы Бұқар жырау ауданының Сарытөбе ауылынан екен. Әскерге Қарағандыдағы политехникалық университеттің екінші курсынан кейін келіпті. Біздің «Неге?» деген сауалымызға жас жігіт:

– Оқуымды ортасынан үзудегі мақсатым, алдымен өзімнің Отан алдындағы азаматтық борышымыды өз қатарластарыммен бірге өтегім келді. Ал оқуды әскерден кейін де жалғастыра беремін, – деп жауап қайтарған соң, әңгіме тиегі әскери өмір туралы өрбіген.

Айтпақшы, Ерсултанға әскери өмір бұрыннан таныс болып шықты. Қарағанды қаласындағы Кеңес Одағының екі мәрте Батыры, қазақ халқының қанаты атанған генерал-майор

Талғат Бигелдинов атындағы «Жас ұлан» республикалық мамандандырылған мектебінің түлегі екен. Ерсултан осыны айтқан кезде бізге тағы да таңдануға тура келген. Өйткені, «Атағы республикаға жайылған мектептің түлегі әскери оқу орындарын таңдау керек емес пе?» - деген ойдың бізге тыныштық бермегенін несің жасырайық...

Сарбаз күлімсиреді. Сосын «Батыр атындағы әскери мектептің қабырғасында өткен екі жылым маған көп нәрсе үйретті. Бірақ, бітіргеннен кейін таңдауым азаматтық мамандыққа түсті. Осыған қарағанда саналы ғұмырымды әскери өмірге арнауға дайын емес болармын... Бұл жағын тап басып айтып бере алмаймын. Есесіне, осыдан үш жыл бұрынғы әскери машықтарым қазір маған көп көмегің тигізіп жатыр. Оқу орталығының тәртібіне тез үйреніп кеттім», – деп ағынан жарылған Ерсултан мұнда өзі секілді сарбаздарға берілетін мүмкіндіктердің зор екенінен хабардар болып үлгеріпті.

...Қатардағы жауынгер Аңсар Сәрсенов Қостанай қаласының өзінен екен. Білімі арнайы орта. Бір қызығы, оқуын бітіре салып, әскер қатарына өзі сұраныпты. Ал өзінің шекараға тап болатынын білмеген де көрінеді.

– Көктем айында әскерге шақыру науқаны басталатынын ести салып, қолымда диплом тұрғанына қарамастан, біздің қаладағы қорғаныс істері жөніндегі басқармаға өзім келдім. Сұрастырып көрсем, шекараға іріктеу болып жатыр екен. Шынымды айтсам, осыны естіген кезде қуанышымда шек болған жоқ. Шекара қызметі – элита, ел шебінде қызмет атқару екінің бірінің маңдайына жазыла бермейтінін бұрыннан білетінмін, – дейді Аңсар. Сондықтан, өзімнің қатаң іріктеуден өткенімді естіген кезде қуанышымда шек болған жоқ.

Жаңа қаруласы Ерсултан секілді емес, Аңсар жаңа ортаға біразға дейін үйрене алмай жүріпті. Әрине, темірден де қатты тәртіпке үйрену мүмкін емес, біраз уақытты қажет етеді. Есесіне, арадан сырғып өте шыққан бір айдың ішінде біраз нәрсені үйреніп үлгеріпті. Не көрсем де бірге көретін жаңа достар тауыпты. Тіпті әскери асханадағы ас мәзірлері де Аңсарға қатты ұнаған көрінеді. «Мұнда бәрі басқаша, тіпті дәмі тіл үйретін тамағына дейін. Сосын үйдегідей қалаған уақытыңда ұйықтап, қалаған уақытыңда тұру деген атымен жоқ. Барлығы әскери тәртіппен».

Аңсар дұрыс айтып тұр еді. Мұндағы өмір «Солдат спит, служба идет» деген әлдебір суайттың шығарған өтірігі екенін кезекті мәрте дәлелдеп берді. Аңсармен болған сұхбаттан кейін осылай ойладық.

...Міне, Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасы бастығының орынбасары – техникалық және кәсіби даярлау бөлімінің бастығы подполковник С.Әуезов бастаған офицерлер мен келісімшарт негізіндегі әскери қызметшілер үшін кезекті науқан – «Көктем – 2025» шақырылымының сарбаздарын ел шебіне дайындау басталды. Мұнда болашақ ел қалқандары өздерінің саптық даярлықтарын шыңдайтын болады. Ал 1 мамыр күніне белгіленген Әскери Ант қабылдау рәсімі өткеннен кейін олар үшін екінші кезең – мамандық игеру басталады. Қарудың қандай күшке ие екенін, жүріп келе жатқан танкті өзінің үстінен өткізіп жіберіп, артынан оқу гранатасын көздеп тұрып лақтыруды да өз кезінде үйренетін болады. Дегенмен, барлығы өз уақытында, кезең-кезеңімен! Процесс басталды!

**Әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-CP».
Суретті түсірген автор.**

P.S. ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментінің әлеуметтік желідегі парақшасы үшін суреттер топтамасын жасап жатқан кезімізде бір сарбаз өзінің қарулас досын бүгінгі туған күнімен құттықтағысы келетінін білдірді. Жас әріптесіміздің бұл тілегін қуана құптаған біз журналистердің негізгі қаруы – фотоаппаратымызды іске қосқанбыз. Ерекше сәтті қалт жібермеу үшін! Қалай шыққанын біздің парақшадан көріп, лүпіл басуды ұмытпағайсыз! Өйткені, шынайы шыққан суретті көріп сіздің жүрегіңіз де лүпіл қағып ала жөнелетінін біз білеміз!

ӨЛКЕ ТАРИХЫМЕН ТАНЫСУ – БАСТЫ ҚАДАМ

Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасына әскери борыштарын атқаруға келген жас шақырылым сарбаздарымен тәрбиелік жұмыстары басталып кетті. Қазақстанның басқа өңірлерінен келген жас сарбаздар қазіргі уақытта салтанатты түрдегі Ант қабылдау рәсіміне қызу дайындалуда. Алайда, оларды басқарма, өлке тарихымен таныстыру жұмысы да маңызды.

Жауынгерлер шекара басқармасының мұражайын аралап, көне шекара басқармасының тарихымен танысты. Сондай-ақ, осы уақытқа дейінгі басқармаға басшылық еткен командирлер, олардың жетістіктері, Зайсан жерінен шыққан генералдар, атаулы шекара бөлімшелері, басқарманың марапаттары, ардагерлер ұйымының жұмысы, тағы да басқа тақырыптар туралы айтылды. Жауынгерлік Даңқ бөлмесіне қойылған жәдігерлерді көрді. Тәжік-ауған шекарасында 1994 жылдың 28 қыркүйегінде болған қанды шайқаста ажал

құшып, мәрт болған кіші сержант Раджан Армияұлы Батырқановқа арналған ерлік бұрышымен танысты.

Киелі Зайсан жерінің тарихымен танысу мақсатында қаладағы тарихи-өлкетану мұражайын аралады. Мұражай қызметкері Н. Қалибаев мемлекеттік шекара күзетіне келген шекарашы сарбаздарды құттықтап, істеріне сәттілік тіледі. Бүгінгі күні жеті мыңнан астам жәдігері бар мұражай бес залдан тұрады. Жас сарбаздар барлық тарихи бөліктерді аралап, көріп, сонау бір көне жылдарға тап болғандай



әсерде болды.

Ата-бабаларымыздың күнделікті тұрмыста қолданған заттары: келі, келсап, күбі, мес, саба, торсық, диірмен тағы да басқа көптеген дүниелерді көрді, қазіргі технологияның қарыштап дамыған заманында бұлардың барлығының қажеті жоқ, алайда

сол заттардың халқымыздың өткен уақыттардағы өмірі мен тарихын зерттеуде, болашақ ұрпақтың өз тарихы мен болмысын тануда маңыздылығы бар. Орыс залына қойылған көне заттармен, экспедиция жасаған зерттеушілермен, олардың жұмыстарымен танысты. Нұрлыбек

Айтмұқашұлы аудан бойынша Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлер туралы айтып өтті, олардың медальдарын, марапаттарын көрсетті. Зайсан өлкесінің тарихында өзіндік орны бар абыройлы азаматтар жайлы да әңгімеледі.

Әрине, өткенді білмей, болашаққа бағдар жоқ. Жергілікті жердің осындай жәдігерге бай, құнды деректері бар өлкетану мұражайымен танысқандықтары бізді де қуантады. Сарбаздардың отансүйгіштік қасиеттерін, танымдық қабілеттерін арттыруға бағытталған тәрбиелік іс-шараларды жүргізу жалғасуда.



**Майор Ф. БАКЕТОВ,
«OS-CP».
Сурет шекара
басқармасынан.**

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі: Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы: Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63 үй.
Телефондар: Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38
Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: smi_rodina@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты: gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нурғалиев
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин
Тілшілер: Азамат Мұханов, Жанар Кемел, Олжас Жақсылықов, Айдос Кирғизбаев
Меншікті тілшілер: Алматы - Тамара Дәулетбаева
Атырау - Бауыржан Қожантай
Ақтау - Асхат Жаналипов
Ақтөбе - Жасұлан Шармаков
Жетісу - Манарбек Қарекенов
Жамбыл - Асыллан Жексенбин
Шымкент - Рауан Нұрмет

Қызылорда - Әкімжан Төлебай
Өскемен - Ғалымжан Бақетов
Семей - Ердіс Қайратай
Петропавл - Динара Утебаева
Павлодар - Гүлзада Садықова
Қостанай - Нұрасыл Сакен
Уральск - Келбай Айжан

Фототілшілер: Асхат Сәбиев, Аян Қайыр,
Компьютерлік безендіру және беттеуші: Нұрхан Кабдулов
Корректорлар: Өркен Шопашев
Немірдің кезекші редакторлары: Ж.Кемел, О.Жақсылықов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы даталар мен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.
Газетті есепке қою туралы № 1394-г күзлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі берген.
Газет "OS-CP" Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

ТЕКТИДЕН ТУҒАН ТЕГЕУРІНДІ ҚЫЗ

Қарт тарихқа көз жүгіртіп, көңіл сүзгісінен өткізіп, ұлт мүддесі жолында тағдыр тәлкегіне мойымастан ар-ұжданын бәрінен биік қоя білген тұлғаларды саралағанда ер азаматтармен қатар жанын да, барын да халқының абыройы мен намысын қорғау үшін жұмсаған аяулы аналар мен қайсар қыздардың есімдері үнемі қатар аталып отырады. Олардың әрбірінің жүріп өткен өмір жолдары мен жеткен жетістіктері жеке-жеке ғылыми зерттеулер мен мақалаларға тақырып боларлықтай.

Қарт тарихқа көз жүгіртіп, көңіл сүзгісінен өткізіп, ұлт мүддесі жолында тағдыр тәлкегіне мойымастан ар-ұжданын бәрінен биік қоя білген тұлғаларды саралағанда ер азаматтармен қатар жанын да, барын да халқының абыройы мен намысын қорғау үшін жұмсаған аяулы аналар мен қайсар қыздардың есімдері үнемі қатар аталып отырады. Олардың әрбірінің жүріп өткен өмір жолдары мен жеткен жетістіктері жеке-жеке ғылыми зерттеулер мен мақалаларға тақырып боларлықтай.

Бүгінгі мақалада тілге тиек ететін тегеурінді тұлға, «Тектиден

ол Елизаветаны Қырғыз революциялық комитетінің қызметшісі болып жүрген кезінен бастап-ақ жоғары білім алуға бағыттайды. Лиза 1918 жылы Семей қыздар гимназиясына түсіп, 1920 жылы оны үздік аяқтап шығады. Сол жылдың күзінде әкесі Елизаветаны Томск университетінің медицина факультетіне оқуға түсіреді. 1922 жылдың соңына дейін аталмыш университет қабырғасында жоғары білім алған Елизавета әкесі Әлиханның қасында болу үшін бірінші Мәскеу мемлекеттік университетінің медицина факультетіне ауысады.

Сәдуақасов бұл кезде ағартушылық қызметпен айналысып, жұбайы Елизаветамен бірге білім мен өнер саласын көркейтуде аса қажырлы еңбек еткен.

Жастайынан алғыр, зерек болған өрімдей жас қыз Лиза Мәскеу мемлекеттік университетінің медицина факультетін 1927 жылы үздік бітірген. 1928–31 жылдары осы университетте аспирант қызметін атқарса, 1931–41 жылдар аралығында КСРО Денсаулық сақтау министрлігінде оқу орындары жөніндегі аға инспектор болады.

Ел басына күн туып, 1941

ниесіне жара салып, қабырғасын қайыстырса да қайсар қыз алған бетінен қайтпайды.

Тағдыр тәлкегіне мойымаған Елизавета өзі сұранып екінші дүниежүзілік соғысқа аттанады. 1942 жылдан Солтүстік-Батыс майданының медициналық госпиталінде қызмет атқарады. Ол жөнінде Алаштанушы Сұлтанхан Аққұлы «Зейнеп соғысқа бару арқылы өзін ғана емес, әкесін ғана емес, жалпы Бөкейхан әулетін ақтап алғысы келгенін» айтады. Әскери дәрігер ретінде майдан даласында қан кешкен қайсар қыз Ұлы Отан соғысын бастан-аяқ өз көзімен көріп, мыңдаған әскери қызметшілерді ажалдан аман алып қалып, «майор» шенімен және көптеген наградалармен елге оралады.

«Жұмыстан бас алмаймын, зерігуге қол тимейді. Мен өзіме қымбат соншама адамдардан айырылдым. Толассыз іс үстіндемін. Келешекте докторлық диссертация болып қалуы ықтимал жұмыс әзірлеп жүрмін. Жалпы тұрмысым жаман емес, бірақ бұл нағыз өмір емес қой, менің барымды соғыс жайпап кетті. Мен соның бәріне қайыспай төзе аламын, жұрт, сірә, мен соның бәрін жеп-жеңіл көтеретіндей көретін шығар...» деп өз хаттарында сыр шерткен Елизавета Әлиханқызының өмірінде қайғылы сәттердің көп болғандығын, алайда, тектілік жолын қуған қайсар қыздың еш мойымастан ұрпақ үшін бар ғұмырын сарп етіп, ғылыммен айналысқанын аңғаруға болады.

Соғыстан кейін Елизавета Әлиханқызы әскери қызметтен босап, сол кездегі Медицина ғылыми академиясына қарасты институттың ғылыми хатшысы болып қызмет атқарды.

Тынымсыз еңбек пен үздіксіз ізденіс үстінде болған Елизаве-

ғылыми-зерттеу институтында статистикалық санитария бөлімін басқарады.

Өз естелігінде атап өткендей өмірдің сан түрлі сынағына төтеп беріп қана қоймай, әкесінің берген тәлім-тәрбиесі мен қанына сіңген қайсар мінезі, білікті білімі арқасында дәрігер-терапевт мамандығын игерген қазақтың қай-



ҰЛЫ – ЕСКЕНДІР АТАСЫ
ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВПЕН

сар қызы 1965 жылы медицина ғылымдарының докторы атанса, бір жылдан соң, яғни 1966 жылы оған профессор атағы беріледі.

Елизавета Сәдуақасованың 50-ден астам ғылыми еңбегі бар. КСРО-ның Қызыл жұлдыз, Еңбек Қызыл Ту, 2-дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталған.

Саналы ғұмырын білім мен ғылымға жұмсаған ғазиз жан 1971 жылы 23 мамыр күні 68 жасында Мәскеу ауруханасында ауырып қайтыс болады.

Адам баласының өмірі белгілі бір мақсатқа негізделеді десек, сол жолда кездесер тау мен тасты ысырып тастап, арманның асқарына шығу үшін бар қиындыққа төзе білетін тегеурінді тұлғалар болады. Өз мақсатына жету де адал жанға жаратылысынан бойына сіңген, текпен берілетін қайсар мінез де, ерен еңбек те, өнер-білімге деген құштарлық та, ең бастысы адами қасиеттер де керек-ақ. Сонда ғана Елизавета Әлиханқызы сияқты тағдыр сынына сынбайтын асқақ рухты тұлғалар қалыптасады. Уақыт өткен сайын нағыз тұлғалардың ел алдындағы мәртебесі де биіктей түседі. Сол арқылы жақсылардың еңбегі ұрпақ санасында қайта жаңғырады. Өткеніне құрметпен қарайтын ел ғана өмірден өткен жайсаңдарына лайықты құрмет көрсетпек. Сол себепті, біз де егемен ел ретінде арғы-бергі тарихымызға жаңаша көзқараспен қарап, ұлыларымызды ұлықтап, кесек тұлғалардың трагедиялы әрі тағытлымды тағдырын таразылап, еңбектерін елге танытып отыруымыз қажет деп білемін.



Майор
Г. САДЫКОВА,
«ОС-ЧР». Суреттер
ғаламтордан



СӘДУАҚАСОВА (БӨКЕЙХАНОВА) ЕЛИЗАВЕТА ӘЛИХАНҚЫЗЫ(1903–1971)

текті туады, тектілік жолын қуады» дейтін қазақ тәмсілінің айғағы іспеттес «Алаш» қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейхановтың қызы, асқақ рух пен қажымас қайраттың, тынымсыз ізденістер мен ерен еңбектің иегері, ұлт қайраткері Смағұл Сәдуақасовтың жұбайы, медицина ғылымының докторы, қазақтың қайсар қызы - Елизавета Әлиханқызы Сәдуақасова хақында болмақ.

1903 жылы 25 сәуірде Омбыда өмірге келген Елизавета Әлиханқызының азан шақырып қойған есімі – Зейнеп. Мәскеуде паспорт бергенде есімі – «Елизавета» болып жазылып, жақындары мен достары Лиза десе, әкесі Әлихан қызын еркелетіп Лизажан деп атаған. Бала кезінен оқу-білімге құштар болып өскен Лиза қыз жылдың басқа мезгілінде ата-анасының қасында болғанымен, жазды міндетті түрде Тоқырауындағы әкесінің туған жерінде өткізген. Онда ол өзінің ет-бауыр туыстарының, ең бастысы әжесі Бежекеңнің қасында болып, дала тәрбиесін көп көрген.

Қазақтың мемлекет қайраткері, «Алаш» партиясының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы - Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов аса маңызды мемлекеттік қызметтерді атқара жүріп қызы Лиза мен ұлы Оқтайдың (шын есімі - Үгедей) тәлім-тәрбиесіне, біліміне қатты көңіл бөлген адам. Сол себепті,

1923 жылдың сәуірінде 20 жасар бойжеткен Лиза Алаштың саяси тұлғасы, мемлекет қайраткері, өнертанушы драматург, қазақ тарихында ағарту жұмысын ұйымдастырушы ретінде танымал болған Смағұл Сәдуақасовқа тұрмысқа шығады. 1924 жылы Смағұл мен Зейнептің шаңырағын-

жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда жалғыз баласы Ескендір Сәдуақасов өз жасына екі жыл қосып жазғызып, анасынан жасырын халық жасағына қосылады да, соғыстың алғашқы айларында оққа ұшып қаза табады.

Әкесі – Әлихан Бөкейхановтың «халық жауы» деген нақақ



ЖАРЫ - МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ СМАҒҰЛ СӘДУАҚАСОВПЕН 1925 ЖЫЛ

да Ескендір есімді ұл дүниеге келеді.

Асқан білімдар, халық ауыз әдебиетімен кең сусындаған, ел мен жердің жағдайын қатар ойлаған адал жары - Смағұл

айыппен ату жазасына кесілуі, жары – Смағұл Сәдуақасовтың қиыр шетке қызметке қуылып, аса ауыр сырқаттан көз жұмуы, ұлы – Ескендірдің майдан даласында қаза табуы Елизаветаның жан-дү-

та Әлиханқызы 1948–59 жылдары КСРО Денсаулық сақтау министрлігінде медициналық статистика бөлімінің меңгерушісі болады. 1959 жылдан өмірінің ақырына дейін әлеуметтік гигиена